



ХИУАДАҒЫ КЕЗДЕСУДІҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ БАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кеше Өзбекстанға жұмыс сапарымен барды. Онда ол Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев бейресми кездесу өткізіп, Хиуа қаласының көрнекті жерлері мен кілем фабрикасын аралады. Сапар барысында қос ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықты одан әрі нығайту мәселелерін талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев бейресми кездесу өткізді. Қос ел президенттері Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықты одан әрі нығайту мәселелерін талқылады. Қазақстан Президенті ислам өркениеті мен сәулет өнерінің жауһары саналатын Хиуа қаласында өтіп жатқан кездесудің символдық мәні бар екеніне назар аударып, барлық бағыт бойынша табысты дамып келе жатқан екі-жақты ынтымақтастыққа көңілі толатынын мәлімдеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, екі ел үкіметтері қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру ісімен белсенді айналысып жатыр. Тиісті «жол карталары» жоспарлы түрде орындалып, қол қойылған келісімдер мен сауда



келісімшарттары бойынша жұмыс жүргізілуде. Өзара тауар айналымының көрсеткіштері жаман емес. Өткен жылдың қорытындысы бойынша оның кө-

лемі 4,4 миллиард долларды құрады. Өнеркәсіп, энергетика, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы салаларында бірлескен жобалар жүзеге асырылып

жатыр. Бүгінде портфельімізде инвестиция көлемі 2,5 миллиард доллардан асатын 60 бірлескен жоба бар. Оның аясында 13 мыңнан астам жұмыс орны ашылады.

Халықаралық өнеркәсіп кооперациясы орталығын салу жобасы да сәтті ілгерілеп келеді.

(Жалғасы 2-бетте)



ӨНДІРІС АУҚЫМЫН АРТТЫРУҒА НЕГІЗ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы үш жыл көлемінде Үкіметке корпоративтік несиелендіруді жандандыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды бірнеше рет тапсырған болатын. Тіпті, Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында: «Экономикаға ақша керек. Былтыр банктердің таза пайдасы бір жарым триллион теңгеге жуықтады... Банктер тиімді жұмыс істегеннің арқасында емес, негізінен Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстап тұрғандықтан, осындай мол пайдаға кенелді. Үкімет пен Парламенттің бұл пайданы мемлекет мүддесін ескере отырып, неғұрлым әділ бөлу мүмкіндігін қарастырғаны жөн. Қаржы ұйымдарының салық салынбайтын мемлекеттік құнды қағаздарды сатып алудан түскен орасан зор табысына қатысты да сұрақтар бар. Мұнда қисын да, мемлекеттік ұстаным да жоқ», – деп нақты тапсырмалар берген.

» 4

ТҮРКІ ТАРИХЫН ТҮТЕНДЕГЕН ТҰЛҒА

Жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясын қалай жазғаны туралы айтқан «Өз жайымнан мағлұмат» атты естелігінде былай дейді: «Әлдеқашан бел асып кеткен қоштың жұртына кешігіп жеткен жолаушы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап, тұтатпақ боп үрлемей ме – жаңағы естеліктерді шашау шығармай сақтаған менің халім де сондай еді. Сөйтіп, мен қарт адамдардың көмескі жайында ұмыт болған көп нәрсені қайта ойлатып, айтқызып алдым», – дейді.

» 8-9



ШУ МЕН ТАЛАС – ҰДАЙЫ БАҚЫЛАУДА



7
БЕТ

СОҒҒЫ ЖОЛДАМАҒА ТАЛАС: ТАЙЛАНДҚА КІМ БАРАДЫ?



16
БЕТ

ХИУАДАҒЫ КЕЗДЕСУДІҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ БАР

(Басы 1-бетте)

Президент қазақ-өзбек тандемі өмірлік қажеттіліктен туғанын және бірге әрі жұмыла әрекет еткенде ғана елдеріміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуге болатынын айтты. Осы орайда Мемлекет басшысы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың 2034 жылға дейінгі бағдарламасын қабылдау бастамасын қолдады.

Кездесуде президенттер өзара тауар айналымын ұлғайту, энергетика, көлік, су шаруашылығы, IT салаларындағы ынтымақтастықты дамыту сияқты экономикалық ықпалдастықтың сан алуан мәселесі жөнінде пікір алмасты. Әңгімелесу барысында мәдени-гуманитарлық байланыстарды өркендету, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстанның бірегей туристік әлеуетін пайдалану мүмкіндіктеріне айрықша мән берілді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев өңірлік күн тәртібін талқылап, халықаралық құрылымдар аясындағы өзара ықпалдастық мәселелерін қарастырды.

Келіссөз барысында мемлекеттер басшылары Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау мәселесіне ерекше назар аударды. Осы ретте Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кезекті алтыншы Консультативтік кездесуіне дайындық барысы, сондай-ақ C5+ форматындағы ықпалдастық перспективалары талқыланды.

Екі ел басшылары өңірдегі өзара ынтымақтастықты нығайту үшін Қазақстан мен Өзбекстанның теміржол әкімшіліктері арасында бірлескен кәсіпорын құру туралы бастамаға қолдау білдірді. Бұл бірлескен кәсіпорынды құрудағы мақсат – Қытай–Қазақстан–Өзбекстан бағытындағы жүк тасымалын ұйымдастыру үшін қазақ-қытай шекарасындағы



және Өзбекстандағы жүк терминалдарын өзара тиімді негізде пайдалану.

Аталған жоба екіжақты сауданы жандандырып, тауар тасымалының көлемін арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ оңтүстік бағыттағы жүк тасымалын ұлғайтуға қолайлы жағдай туғызады. Бұдан бөлек, Бірлескен кәсіпорын Трансауған бағытын дамытуға жұмылдырылады.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев Хиуа қаласына жұмыс сапары барысында Президент Шавкат Мирзиёевпен бірге Өзбекстан жеңіл өнеркәсібіндегі үлгілі кәсіпорындардың бірі саналатын NIVA GILAMLARI кілем тоқу фабрикасын аралап көрді. Іргесі 1977 жылы қаланған кәсіпорынға жаңа инвестор толықтай реконструкция жасаған. Мұнда жылына 4,2 миллион шаршы метр кілем тоқитын төрт цех жұмыс істейді. Мемлекеттер басшыларына акрилден иірілген жіп өндіру цехы, кілем тоқу цехтары және дайын кілем үлгілерінің шоу-румы көрсетілді. Кәсіпорын директоры Камол Абдуллаевтың айтуынша, фабрика кілемдері ішкі нарыққа сатылады, сондай-ақ ТМД елдеріне, ҚХР мен АҚШ-қа экспортқа шығарылады.

Бұдан кейін президенттер Өзбекстан өнеркәсіп тауарларының көрмесін тамашалады. Павильондарда арнаулы техника, электр техникалық жабдықтар үлгілері, бау-бақша шаруашылығының селекциялық жетістіктері, тоқыма, химия, тамақ, фармацевтика өнеркәсібі өнімдері, жібек, тері және зергерлік бұйымдар көрмеге қойылған.

Президенттер шекаралас облыстар аумағында экспортқа бағдарланған кәсіпорындар кластерін құрудың маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар мемлекеттер басшылары Арал теңізінің табанына сексеуіл егіп, аймақтағы экологиялық ахуалды жақсарту үшін бірлескен күш-жігер жұмсау қажет екеніне назар аударды.

Одан әрі олар «Куна Арк» кешенін, Шерғазы хан медресесін, Мұхаммед әмин Инак медресесін, Жұма мешітін және «Таш хаули» кешенін аралап көрді.

Содан кейін Қазақстан мен Өзбекстан президенттері Хиуаның ортағасырлық шайыры, ағартушы, сопы әрі ойшыл Палуан Махмұд (1247-1326) кесенесіне зиярат жасап, оның рухына Құран бағыштады. Палуан Махмұд кесенесі өзбек, түрікмен, қарақалпақ және басқа да халықтардың мінжат етіп баратын қасиетті мекені саналады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев хорезм сәулет өнерінің бірегей ескерткіші – Нұролла бай сарайына барды. Сарай-саябақ кешенін XIX ғасырдың бас кезінде II Мұхаммед Рахым хан өзінің ұлы – хан тағының мұрагері Асфендиярға арнап, хиуалық бай көпес Нұролланың иелігіндегі үлкен бактың орнына салдырған. Құрылысқа хиуалық шеберлер мен суретшілерден бөлек, Ресейден және Германиядан маман-



Сонымен бірге Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанға жұмыс сапары барысында Президент Шавкат Мирзиёевпен бірге ежелгі Хиуа шаһарының тарихи орталығындағы «Ишан-кала» қалашығына барды.

«Ишан қала» ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне Орталық Азиядан енген алғашқы ескерткіш саналады. Мемлекеттік тарихи-археологиялық музей-қорығында 400-ге жуық тұрғын үй ғимараты, сондай-ақ алпысқа тарта тарихи және сәулет ескерткіші орналасқан.

Мемлекеттер басшыларының қалашыққа экскурсиясы «Ата дарбаза» қақпасынан басталды. Мәртебелі мейманның құрметіне орай өзбек халқының ән-күйі шырқалып, театрландырылған көрініс қойылды.

дар алдырған. Дәстүрлі шығыс сәулеті өнері мен еуропалық стильдің әдемі үйлесімі нысанның келбетінен де көрініп тұрады.

Екі ел басшылары Хиуа хандығының бас уәзірі болған Сейіт Ибрагим қожаның үйін, «Беш хаули» кешенін, сарайдағы басқа да бөлмелерді, қонақ күтетін үй-жайларды аралап көрді.

Содан соң президенттер «Өзбек-қазақ суретшілерінің туындыларындағы халықтар бірлігі» бейнелеу өнері көрмесін, «XIX-XX ғасырларда түсірілген фотосуреттердегі Хорезм» көрмесін, соның ішінде өзбек ұлттық фотоөнері мен деректі киносының негізін қалаушы Құдайберген Диуановтың суреттерін тамашалады.



СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ РИМ ПАПАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған бір топ Парламент депутаты жұмыс сапарымен Ватикан мен Италия Республикасына барды. Сапар аясында делегация Рим Папасы Францискпен кездесті. Сондай-ақ Ватиканның Дінаралық диалог жөніндегі Дикастериясының және Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өтті. Қазақстандық сенаторлар Италия Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарымен де кездесіп, парламентаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев Рим Папасы Францискке ілтипат танытып, Понтификке аудиенция үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ ол екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың одан әрі нығаюына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биыл қаңтар айында Ватиканға жасаған ресми сапары айтарлықтай серпін бергенін атап өтті. Сенат Спикері өз сөзінде Қасиетті Таққа Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне жан-жақты қолдау көрсетіп келе жатқаны үшін ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ Рим Папасының VII съезге қатысуы жандық дінаралық диалогті арттыруға және халықаралық деңгейде рухани дипломатияны дамытуға зор ықпалын тигізгенін айтты.

Өз кезегінде Рим Папасы Франциск Қасиетті Тақ Қазақстанның бейбітшілік пен түрлі дін өкілдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға арналған бастамасын қолдайтынын тілге тиек етті. Сонымен бірге ол Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысқан сәтті еске алды.

«Бүгінгі кездесуіміз Астанаға сапарымды, сол кезде қатысқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезін еске түсірді. Съездің лидерлері диалог құратын, сондай-ақ әлемдік саясаткерлер мен мәдениет және медиа өкілдерін біріктіретін бірегей алаңға айналды. Бұл бастама, шын мәнінде, құрметке лайық және Қазақстанды кездесулер елі ретінде көрсетеді. Биыл қаңтар айында Ватиканға сапармен келген Қазақстан Президентімен кездестім. Сол кезде қазақ халқына деген ізгі ниетімді білдірдім. Біз діндер, мәдениеттер және этникалық топтар арасындағы үйлесімділікке жету жолында бір-бірімізді қолдауымыз қажет. Қазақстан – осындай жетістікпен мақтана алатын ел», – деді Рим Папасы Франциск.

Сапар аясында экология, жаһандық жылыну және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шара барысында Мәулен Әшімбаев Қазақстан Президенті жасыл экономикаға көшу мәселесіне баса мән беріп отырғанын айтты. Соған сәйкес, ұлттық заңнама, орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг

жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның қызметі және басқа да бағыттар аясында кешенді жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

«Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі қазіргідей өзекті сын-қатерлер жағдайында дін көшбасшыларының, саясаткерлердің және халықаралық ұйымдардың күш-жігерін ортақ мүддеге жұмылдыруды көздейді. Рухани көшбасшылар жергілікті жерде ғана емес, халықаралық деңгейде де зор ықпалға ие. Олар бірлесіп, климаттың өзгеруі, теңсіздік, экстремизм сияқты проблемаларды шешуге, қақтығыстар мен соғыстарды тоқтатуға айтарлықтай септігін тигізе алады. Планетамыз бен келер ұрпақтың жарқын болашағы жолында жұдырықтай жұмылу біздің ортақ мақсатымыз екені анық», – деді Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Италия Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Иньяцио Ла Руссамен кездесті. Сұхбат кезінде тараптар парламентаралық қарым-қатынасты арттыру мәселесіне кенірек тоқталды.

«Италия – Қазақстанның Еуропалық Одақтағы маңызды стратегиялық серіктестерінің бірі. Біздің елдеріміз арасында сындарлы саяси диалог қалыптасқан. Жыл басында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Италияға ресми сапармен келуі соның жарқын бір көрінісі. Бұл сапар екі мемлекеттің экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайтуға тың серпін берді», – деген Мәулен Әшімбаев алдағы уақытта парламентаралық байланысты одан әрі нығайтудың мәні зор екенін айтты.

Өз сөзінде Иньяцио Ла Русса екі елдің қарым-қатынасын әрі қарай арттырудың маңызды екеніне назар аударып, Қазақстанда жүргізіліп жатқан демократиялық жаңғыртулар мен реформаларға қолдау білдірді.

Екіжақты кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін де талқылады. Одан бөлек, екі жақ білім беру және туризм саласындағы серіктестікті кеңейту жөнінде пікір алмасты.

МӘЖІЛІС ЖОЛ ЖҮРІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына «Жол жүрісі туралы» заң жобасы мен Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске жекелеген көлік құралдарының түрлерінің қозғалысын ұйымдастыру және жол қозғалысы қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістерді бірінші оқылымда қарау ұсынылды.

Парламент депутаттары бастамашылық жасаған түзетулер шағын электр және көлік құралдарының жекелеген түрлерінің қозғалысын бақылауды жүзеге асыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелерін қамтиды. Қозғалтқыш көлемі 50 текше см-ден аз мопедтерді мемлекеттік тіркеу көзделеді, сондай-ақ олардың жүр-

гізушілеріне қойылатын талаптар белгіленеді. Жергілікті атқарушы органдарға электр скутерлерін пайдалану тәртібін айқындау бойынша құзырет беріледі. Жол қозғалысы қауіпсіздігін цифрландыру аясында сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптарын пайдалану тәжірибесі кеңейтіледі.

Алдағы жалпы отырыста Қазақстан мен Қырғыз үкіметтері арасындағы «Қарасу» және «Ақ-тілек» автожол өткізу пункттері ауданындағы индустриялық сауда-логистикалық кешеннің қызметін құру және реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы қаралатын болады.

Сондай-ақ Мәжіліс комитеттері «Нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы» және «Биологиялық материалмен алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» жаңа заң жобаларын жұмысқа алады.

100 ТОННА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖИНАДЫ

«AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының қызметкерлері мәслихат депутаттарымен, әкімдік өкілдерімен және БПҰ мүшелерімен бірлесіп су тасқынынан зардап шеккен Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының тұрғындарына 80 тонна гуманитарлық көмек жөнелтті.



Бұған дейін партиялықтар Қостанай облысының тұрғындарына 20 тонна жүк жинаған еді. Оның ішінде азық-түлік, киім-кешек, гигиеналық заттар және өзге де қажетті тауарлар бар.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, сын сағатта бәріміз бірге әрекет етуіміз керек. Әр азамат ортақ іске өз үлесін қосқысы келеді. Астаналықтар ерекше

белсенділік танытып, тәулік бойы азық-түлік, киім-кешек жеткізіп жатты. Біз су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға көмек қолын созуды азаматтық міндетіміз деп санаймыз. Игі іске депутаттар мен кәсіпкерлер де аянбай атсалысты», – деді «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек.

Кәмила ЕРКІН

Сарапшылар да базалық мөлшерлеменің жоғары деңгейде болуы банктердің үлкен пайдаға кенелуіне әсер еткенін айтуда. Дегенмен Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені қаншалықты көтергенімен де, инфляция рекордтық көрсеткіштерге дейін өскен еді. Тек ұлттық валюта нығайғанда ғана қымбатшылықтың қарқыны бәсеңдеген. Қазір кез келген нарықта несиенің рөлі өте маңызды. Ол бүкіл экономикалық жүйенің алдында тұрған мәселелерді шешеді. Себебі кредит айналымда жүрген бос ақша құралдарын капиталға қажеттілік туындаған нарық субъектілеріне қолжетімді ете түспек. Осылайша, несие ақша айналымы процесін жылдамдастырып, сақтандыру, инвестициялар секілді бірқатар қаржылық байланысты орнату арқылы нарықтық қатынастарды реттеуде маңызы үлкен.

Еліміздегі несие жүйесінің қазіргі құрылымы индустриалды дамыған елдердің моделіне жақын. Әрине, мамандардың сөзінше, кәсіпорындарға, ұйымдарға және халыққа қаржылық несиелік қызмет көрсету экономикалық құрылымдардың дамуында өте маңызды рөл атқарады. Тұтастай алғанда елдің экономикалық даму қарқыны қаржылық тетіктердің тиімділігі мен үздіксіз жұмыс істеуіне пара-пар. Сол себепті де Ұлттық банк экономиканы несиелендіру барысында кәсіпкерлікке берілген несие мен тұтынушылық несие арасындағы баланстың сақталуын жіті қадағалап, назарында ұстайды.

Сонғы уақытта елімізден санкцияларға байланысты экономикаға несие беруші екі ірі субъекті нарықтан шыққаны белгілі. Соның әсерінен былтыр Мемлекет басшысы отандық нарыққа тек экономиканы несиелендіруде тәжірибесі мол, үш жаңа шетелдік банкті әкелуді талап етті. Қазір «Бәйтерек» холдингінің хабарлауына, қатарлық инвесторға Веке банкін сату бойынша бастапқы кезеңдегі келіссөздер жүргізілуде. Сарапшылар Ұлттық банк екінші деңгейлі банктерге тәуекелі төмен жолмен 16,5% мүмкіндік бергендіктен, қаржы ұйымдары экономиканы несиелендіруге құлықсыз деген пікірде.

Бірақ несиелік импульс болмаса, бір бюджеттің күшімен экономикалық көрсеткіштерді көтеру мүмкін емес. Мәселен, Қытай екі мыңыншы жылдары несиені қолжетімді ету арқылы экономикасын көтеріп, жыл сайын 8-12% -ға өсті, тек 2010 жылдардың ортасына қарай даму қарқыны 6-7% -ға дейін баяулағанын білеміз. Аспан асты елінің даму жолындағы алғышарттар, яғни ішкі инфрақұрылымның төмендігі, арзан жұмыс күші, банктердегі өтімділік деңгейі біздің елге де тән. Демек қазір тек несиелік импульс жетіспейтінін көреміз.

Несие өндіріс пен ақша айналымының артуын ынталандырып қана қоймай, макро және микро экономикалық деңгейдегі өндірістің ауқымын кеңейтуге, ресурстық әлеуетті үнемді пайдалануға ықпал етеді. Сондай-ақ жеңілдікпен берілетін несие, кәсіпкерлерге жылдам арада капиталын арттырып, бәсекеге қабілетті болуға

НЕСИЕ —

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы үш жыл көлемінде Үкіметке корпоративтік несиелендіруді жандандыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды бірнеше рет тапсырған болатын. Тіпті, Қазақстан халқына арнаған Биылғы Жолдауында: «Экономикаға ақша керек. Былтыр банктердің таза пайдасы бір жарым триллион теңгеге жуықтады... Банктер тиімді жұмыс істегеннің арқасында емес, негізінен Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстап тұрғандықтан, осындай мол пайдаға кенелді. Үкімет пен Парламенттің бұл пайданы мемлекет мүддесін ескере отырып, неғұрлым әділ бөлу мүмкіндігін қарастырғаны жөн. Қаржы ұйымдарының салық салынбайтын мемлекеттік құнды қағаздарды сатып алудан түскен орасан зор табысына қатысты да сұрақтар бар. Мұнда қисын да, мемлекеттік ұстаным да жоқ», — деп нақты тапсырмалар берген.

мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде стагнацияға ұшыраған немесе дағдарыстар әсерінен есептің еңсесін тіктей алмай жүрген кәсіп иелері үшін, өз қызметін қайта жандандыруға жол ашады.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігінің деректеріне сүйенсек, екінші деңгейдегі банктер 2023 жылы экономикаға берген кредиттер көлемі 22,4%-ға ұлғайып, 27,9 трлн теңгеге дейін өскен.

2023 жылы ЕДБ 30,3 трлн теңгеге жана кредиттер берген. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 25,8%-ға артық. Занды тұлғаларға берілетін кредиттер көлемі бір жыл ішінде 11,9%-ға, 9,7 трлн теңгеге өскен. «Жоғары пайыздық мөлшерлемелердің сақталуына қарамастан, кредит қабілеттілігін бағалау бағдарламаларының нәтижесінде 2023 жылы занды тұлғаларға кредиттердің жылдық өсуі соңғы 12 жылда ең жоғары көрсеткішке жетті», — делінген баяндамада.

Жеке кәсіпкерлерді қоса алғанда, бизнес субъектілерінің жиынтық несие көлемі былтыр 16,7%-ға артқан. «Мұның басты себебі соңғы жылда ШОБ субъектілеріне тиесілі несие көлемінің артуы болып отыр. Ол 58,6%-ды құрап 1,6 трлн теңгеге дейін ұлғайған. Жалпы, алғанда былтыр жеке кәсіпкерлерді қоса алғанда, бизнес субъектілері 15,5 трлн теңге сомасына жана қарыздар алған. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 22,1%-ға артық» делінген реттеушінің хабарламасында.

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ бәсекелестік ортаны зерттеу орталығының дирек-

ӨНДІРІС АУҚЫМЫН АРТТЫРУҒА НЕГІЗ



Елсәр ҚАБА (КОЛМӘЖ)

торы Дарина Кенестің пікірінше, Ел тәуелсіздік алған күннен бастап жеке сектор Қазақстанның дамуына елеулі үлес қосып келеді. Сондықтан кәсіпкерлікті дамыту мәселелері нарықтық экономиканы қалыптастыруда маңызды рөлге ие.

— 2023 жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша экономикадағы ШОБ үлесі 36,5%-ды құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 2 есе көп. ШОБ даму динамикасының оң көрсеткіштеріне қарамастан, бизнесте сапалы құрылымдық өзгерістердің жоқтығы байқалады. Бұған бірқатар проблемалық мәселе, қаржыландыруға қолжетімділіктің төмендігі, әкімшілік кедергілердің болуы,

деректеріне сәйкес 2022 жылы республика бойынша кәсіпорындардың негізгі құралдарының тозу дәрежесі 46,2%, жанарту коэффициенті 9,7%, тарату коэффициенті — 1,1% құрады. Бұл өз кезегінде тауарлардың сапасы мен бәсекеге қабілеттілігіне кері әсер етеді.

— Әлемдегі геосаяси жағдайды да ескеру қажет, осыған байланысты еліміз кейбір кәсіпорындар үшін санкцияларды айналып өтетін негізгі эпицентрге айналды. Мәселен, 2024 жылдың басында Қазақстанда жұмыс істеп тұрған ресейлік компаниялардың саны 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19%-ға өсіп, 19 мыңнан асты. Сол себепті отандық бизнестің мүдделерін ескере оты-

мамен 75% — ы, ал орта бизнестің 55% — ы қызмет көрсету саласына тиесілі, — дейді Дарина Кенес.

Сарапшы елдегі кәсіпкерлік секторында тұрақты өсу мен әртүрлілікті ынталандыру үшін бизнесті жүргізуге қатысты саясатты қайта қарау қажеттілігін атап өтті. Оның айтуынша, жоғарыда аталған факторлар өндірістің тиімділігі төмендеп және елдің әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігінің шектелуіне әкелуі мүмкін.

— Бүгінде ШОБ секторында тіркелген субъектілер саны — 2,2 млн. Олар 4,3 млн азаматты жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, барлық коммерциялық кәсіпорындардың 85%-дан астамын құрап отыр. Шын мәнінде, ресми

статистикаға сәйкес, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің шамамен 30%-ы ғана он жылға дейін нарықтағы бәсекелестікке төтеп бере алады. Ал орта ірі кәсіпорындар арасында жүз жылға жуық жұмысын жалғастыра алатындар шамамен 70% құрайды. Дегенмен отандық компаниялардың орташа жасы ТМД-ның басқа елдеріне қарағанда 1,5 есе аз. Сонымен қатар соңғы 5 жылда занды тұлғалар арасында қызметін тоқтату үрдісі белең ала бастады. 2018 жылдан бастап 114 мыңға жуық жаңа кәсіпорын тіркелсе, керісінше 142 мыңға жуық кәсіпорын жойылған. Жанадан ашылғандар мен жұмысын тоқтатқан мекемелердің қатынасы 1,2-ні құрайды. Бұл Қазақстандағы кәсіпорындардың өмір сүру деңгейінің төмендігін айқындайды, — дейді Экономикалық зерттеулер институтының маманы.

Сондай-ақ ол елімізде «мәжбүрлі» кәсіпкерліктің деңгейі жоғары және кәсіпкерлердің құқықтық мәдениеті төмен екенін сөз етті. Себебі отандық кәсіпкерлер арасында шынайы кәсіпкерлерге тән емес құндылықтар әлі де басым. Сондықтан Қазақстанда бизнестің өркендеуі туралы айту ертерек деген пікірге тоқталды маман.

Бұл мәселені Мемлекет басшысы да айналып өткен жоқ. Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда: «Кәсіпкерлер арасында ескі әдіспен әрекет етуге, өз мүдделерін қолдауға, жеке мәселелерді мемлекет есебінен шешуге деген ұмтылыс бар» деп сын айтқан болатын. Президент «бизнес капиталдары барлық салада белсенділік танытып, отандастарына қол ұшын созу арқылы әлеуметтік жауапкершілігін атқару қажетін еске салды. Сонда ғана тұтас әрі бәсекеге қабілетті экономиканың негізі қаланбақ.



Несие өндіріс пен ақша айналымының артуын ынталандырып қана қоймай, макро және микро экономикалық деңгейдегі өндірістің ауқымын кеңейтуге, ресурстық әлеуетті үнемді пайдалануға ықпал етеді. Сондай-ақ жеңілдікпен берілетін несие, кәсіпкерлерге жылдам арада капиталын арттырып, бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік алады.



мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігінің жеткіліксіздігі, бәсекелестіктің төмен деңгейі және тағы басқа әсер етеді. Жеке қаржыландыру әлі де өте. Себебі екінші деңгейлі банктер несиені 12-ден 20%-ға дейінгі диапазонда пайызбен ұсынса, микроқаржылық ұйым займдары орта есеппен 21-45% дейінгі аралықта үстеме мөлшерлеменен беріледі. Сонымен қатар кепіл мүлкінің тапшылығы немесе өтімділігі, әсіресе ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін өзекті мәселе. Бұл қаржыландыруды одан әрі қол жетімсіз ете түседі, — дейді ол.

Маманның пікірінше, кәсіпорындарда негізгі құралдарды жаңарту мәселесі өзекті. Мәселен, Ұлттық статистика комитетінің

рып ашық экономика принциптерін ұстанған абзал. Қазір отандық кәсіпкерлік жалпы қосылған құнның 35%-дан астамын құрайды, сондай-ақ экономикалық белсенді халықтың шамамен 45%-ын жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отыр. Салыстырмалы түрде жақсы көрсеткіштерге қарамастан, Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту деңгейі ЭЫДҰ елдеріне қарағанда едәуір төмен. Атап айтқанда, мұнда шағын және орта бизнестің үлесі орта есеппен 50-60% құрайды. Негізгі себептің бірі ШОБ субъектілерінің өнімділігі төмен салаларда шоғырлануы және олардың өмір сүру деңгейінің төмендігі. 2024 жылғы I қантардағы жағдай бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерінің ша-

Бердібек ҚАБАЙ

Аталған ғылыми-зерттеу институты — еліміздің аграрлық ғылым жүйесінде көшбасшы ұйым. Институт соңғы жылдары бірнеше халықаралық жобаны жүзеге асырып келеді. 2022 жылы дүниежүзілік «Жемдік дақылдар зертханасы» Be BOLD Crop Trust бағдарламасы бойынша конкурс жариялаған болатын. Байқауға қатысқан отандық ғалымдар үздіктер қатарынан табылған. Бүкіл әлем бойынша аса өзекті деп ұсынылған 90 жобаның 45-і іріктелген. Осы 45 жобаның қатарына қазақстандық ғалымдардың да жұмыстары енгізілген. Сонымен, ғылыми еңбек нәтижесінде біздің ел үшін де аса құпия қоймадан орын бөлінген.

«ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН
ЖАЗ ОЙЛА»

Айта кетейік, Норвегияда 2008 жылы салынған қоймаға дүниежүзіліктегі 89 тұқым банкінен 6 000-ға жуық өсімдік түрінен сұрыпталған 1,1 миллионнан астам тұқым үлгі-

Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы үйлестірушісінің шақыруымен Норвегияның Шпицберген аралында Дүниежүзілік тұқым қоймасына біздің елдің даласында өсетін жем-шөп дақылдарының ерекше тұқым үлгілерін өткізіп келді. Мақсат – әлемде қандай да бір апатты жағдайлар болса, еліміздегі өсімдіктердің түрін сақтап, олардың жойылып кетуіне жол бермеу.



«ҚИЯМЕТ ҚАМБАСЫ»

Немесе
ШПИЦБЕРГЕНДЕГІ
ЕРЕКШЕ ҚОЙМА



лері арнайы әкелінген. Мұндағы үлгілер жаһандық апат жағдайында бүкіл әлемдегі тұқым қорын сақтауға арналған, сондай-ақ ауылшаруашылық дақылдарының жаңа сорттарын жасау кезінде селекционерлер үшін резервтік көмек ретінде қызмет етеді деген мақсатта жеткізілген.

Шпицберген тұқым банкіне сақтау үшін біздің ғалымдар 8 ботаникалық түрге жататын 522 сынама іріктеп алған. Қатарында мал азығына аса қажетті жонышка түрлерінен 247 сынама, бидай шөп түрлерінің 130 үлгісі және өзге де дақылдар бар. Бұлар негізінен көпжылдық азықтық дақылдар мен дөңді дақылдар түріне жатады.

Әлемдік маңызы ерекше қоймаға барып, мамандарға Қазақстаннан жеткізілген тұқым түрлерін сеніп тапсырған Қазақ егіншілік және Өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының, «Жем-шөп дақылдары зертханасының» ғылыми қызметкері, жоба жетекшісі Сақыш Ержанова келешек ұрпақ, әлем үшін маңызды іс жасалғанын айтып отыр.

«Өзіміздің зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде әлемдік қоймаға біздің елден де жем-шөп түріне жататын өсімдіктердің тұқымын тапсыру – үлкен жетістік. Бұл – көпжылдық еңбектің нәтижесі. Келешек үшін әлем ғалымдарының қатарында болып осы бір үлкен жобаға атсалысу, ғылыми еңбекпен айналысу – барша институт ұжымының еңбегі. Алда тағы да өзге тұқым түрлерін сол жерге апарып, өзімізге тиесілі ұяшықтарға қою мақсатымыз бар», – дейді ғалым.

Әлемдік маңызға ие болған мұндай тұқым қоймасының міндеті – жаһандық апаттардан адамзатты аман сақтап қалудан бөлек, Жер бетіндегі өсімдік атаулының жойылып кетуінің алдын алу. Ғалымдар әлемде болуы мүм-



Жер бетінен 120 метр тереңдікте және теңіз деңгейінен 130 метр биіктікте орналасқан кешен немесе банк кез келген жарылыстарға төтеп беретін есік пен қабырғалар арқылы бекемделген.



кін ядролық соғыс, астероидтың құлауы немесе жаһандық жылыну сияқты апаттар жасыл әлемді жок етуі ықтимал деп болжайды. Ал қойма осы апаттардан алдын ала сақтану мақсатында жер астына салынған.

«Отандық бір топ ғалым барып әлемдік маңызы бар нысанмен таныстық. Өз еңбегімізді, отандық өсімдік тұқымының үлгілерін тапсырып қайттық. Тұқым сақтау бойынша әлемдік заңдылық бар. Сол заңдылық бойынша кез келген маңызы зор деп тандалған түрлер кем дегенде үш жерде сақталып, болашаққа жолдануы керек. Шпицберген аралына жеткізілген түрлердің келесі бір санаты өзіміздің институттың генафондық қоймасында сақтаулы тұр. Енді бір

дүниежүзілік көгалдандыру материалдарының тұқым банкі жер бетінде бар барлық ауылшаруашылық өсімдіктерінің отырғызу материалдарын сақтау үшін БҰҰ-ның қамқорлығымен Норвегия еліндегі Шпицберген аралында 2006 жылы салынып, 2008 жылы алғаш рет ауыл шаруашылығы саласындағы тұқым түрлері сақтауға қойыла бастады. Тау мен мұздық астындағы алып қорды салу үшін әлем ғалымдары атсалысқан. Жобаны Норвегия үкіметі қаржыландырған екен. Құпия ғимараттың құны 9 млрд доллар шығынды қажет еткен.

Жер бетінен 120 метр тереңдікте және теңіз деңгейінен 130 метр биікте орналасқан кешен немесе банк кез келген жарылысқа төтеп беретін есік пен қабырғалар арқылы бекемделген. Ішкі көріністі бақылау үшін ерекше камералармен жабдықталған. Мәңгі тон болып тұратын тоназытқыш сынды тұқым қоймасы компьютердің процессоры тәрізді үлгіде жасалған. Тұқымдар төрт қабатты тығыздалған не ауа, не газ өтпейтін ерекше қаптамамен қапталып, әлгі қапшықтар арнайы контейнерлерге салынады. Сөйтіп, өзінің тіркеу нөмірлері бойынша қойма сөрелеріне орналастырылады.

Мұндағы температура тұрақты: -18°C. Ғалымдардың пайымдауына, мұндай салқындық тұқымның баяу картаюын қамтамасыз етеді екен. Мәңгі тон өлкесі болғандықтан әрі аз ғана тектоникалық белсенділік төмен болуына байланысты тұқым қоры үшін Шпицберген арнайы тандалса керек.

ҚОЙМА ҚАШАН АШЫЛМАҚ?

Ғалымдар бұл қойманың ашылу мерзімін кем дегенде 200 жыл мен 1000 жыл мерзім аралығы деп болжаған.

«Күндердің бір күні адамзат бақытсыздыққа ұшырап, қиынқыстау сәтті бастан кешуі ғажап емес. Ол жаһандық соғыс немесе табиғи апат болуы да мүмкін. Осындай алапаттан аман қалған адамдар әлемдік ауыл шаруашылығын және жалпы планетаның өсімдіктерін нөлден бастап қалпына келтіруге мәжбүр болуы ықтимал. Осындай жағдайда адамзат баласы бір ғана сөзді есте сақтауы керек. Қазір бұл «Шпицберген» деп аталып жүр. Кейін SOS дегенге ұқсайтындай ұғым не түсінік болып енгізілуге тиіс. Адамдар сондай кезде жер әлемін қайта көгалға

бөлеп қана қоймай, өздеріне азық ретінде қолданатын өсімдік түрлерін өсіріп алуға қол жеткізуі керек. Қойма осы мақсатта соғылды. Қоймада тұқым түрлерінен бөлек, түрлі жағдайда қолдану нұсқаулықтары да әртүрлі үлгіде жазылып бекітілуде. Негізінде, мұндай банктер тіпті әр елдің өзінде болуы керек», – дейді Дүниежүзілік тұқым қоймасының менеджері Брайан Лайноф.

Жер шарында басқа тұқым сақтайтын қоймалар болса да, Шпицбергендегі нысан олардың ішіндегі ең қауіпсіз және ерекше ойластырылып салынғаны болып отыр. Жердің екі полюсіндегі барлық мұз жаһандық жылыудан еріп кетсе де, Шпицберген зардап шекпейді. Бұл ретте қоймадағы жағдай тұқымдарды мың жылға дейін пайдалануға жарамды күйінде сақтайды, ал қойманың өзі ондағы «мүлікті» ядролық соғыс пен астероид құласа да қорғай алады деп отыр мамандар.

Associated Press агенттігі құпиясы мол Шпицбергендегі бұл тұқым қорын сақтаушы орынды жан-жақты зерделей келе, «Қиямет күнінің қоймасы» деген атау берген екен.

Қоймада барлығы 4,5 миллион үлгіні сақтауға болады.

Мұнда бидай мен арпаның түрлерінен бөлек, бұршақ өнімдері, жүгері, соя және жержаңғақтар мен түрлі жемістердің тұқымдық коллекциялары сақталып тұр. Тұқым сақтау қоймасына Қазақстаннан бөлек, Колумбия, Эфиопия, Үндістан, Кения, Мексика, Перу, Филиппин, Ресей, Украина, Грузия, Тәжікстан, Әзербайжан, Армения, Озбекстан, Беларусь, Эстония, Латвия, Литва болса, Германия, Мали, Мадагаскар, Қытай, АҚШ, Солтүстік Корея, Ауғанстан және Сирия сынды елдерден жөнелген өнімдер сақтауға қойылған.

Әлем ғалымдары, оның ішінде қытайлық генетиктер де Шпицберген жаһандық астық қоймасы толық қуатына жеткенде, әлемдегі ең маңызды тұқым қорына айналады деген пікір айтқан.

Маңызды мен мәні ерекше осынау құпиясы мол қойма шынымен де әлем үшін ерек болары сөзсіз. Ал оған біздің ел үшін де арнайы орын бөлінгені расында да маңызды. Әлем елдері өздеріндегі дән мен дақылдың үлгілерін болашақ үшін деп жер қойнауына тығып жатса, демек адамзат үшін бұл істің мәні бар екені анық. Сондықтан жоғарыда атаған Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының жанында қалыптасып келе жатқан тұқым сақтау қорына мемлекеттік тұрғыда көңіл бөлініп, ұлттық деңгейде танылуы маңызды. Тұқым сақтау қорының ұлттық маңызы артса, еліміздегі қожырап кетудің аз-ақ алдында тұрған генетика және селекция саласының да тамырына қан жүгірер еді.

ТҰҚЫМ ҚАЛАЙ
САҚТАЛАДЫ?

Норвегияның Шпицберген жаһандық тұқым қоймасы – Шпицберген аралында орналасқан ерекше орын. Қоймада негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым үлгілері қауіпсіз әрі ерекше жағдайда сақталуда. Мұнда

Тілсіз жауды тұсаулау мүмкін емес. Бәрі қас-қағым сәтте болып жатады. Сондықтан да соңғы екі жетіде еліміздің бірнеше өңіріндегі су басу оқиғалары табиғаттың тосын мінезімен қатар, «жазым» деуге саяды. Десе де, «сақтансаң сақтайды» деген бар. Ал бізде сақтық шаралары өз деңгейінде сақталды ма? Көктемгі сел жүру қаупіне қарсы ұдайы даяр болуға тиіс мекемелердегі жағдай қалай? Қазынадан бөлінген қаржы тетігін тапты ма? Әлде суға қаралған қаражат құмға сіңіп кетті ме?

Саятхан САТЫЛҒАН

Казір осы сауалдар көптің санасына салмақ түсіріп тұрғаны жасырын емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін бұл бағытқа талай жыл жетекшілік еткен Роман Склярдан жауапкершілікті алып, бір күнде Қанат Бозымбаевтың қолына беруінде де үлкен астар жатыр. Демек, Скляр жетекшілік еткен салаға сызат түсті деген сөз. Жауаптылар Президент жүктеген сенім жүгін ақтай алмады. Нәтижесінде, жүздеген үй су астында қалып, мыңдаған шақырым жолды топан су шайып кетті. Халық далада қалып, Үкіметке миллиардтаған шығын келді.

Мұндай жағдай Жамбыл жерінде де болуы мүмкін екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Себебі осыдан бірнеше жыл бұрын Байзақ пен Жамбыл

мекен қалды. Аталған елді мекендерді су басу қаупін «2021-2023 жылдарға арналған су тасқыны қаупінің алдын алу және жою жөніндегі шаралар кешені» жол картасын іске асыру арқылы төмендетуге күш салында.

Жол картасына жалпы 3 миллиард 400 миллион теңге бөлініп, Талас өзенінің жағалауын бекіту жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар каналдар, арықтар, су өткізу құрылыстары, автомобиль жолдары және темір-жол көпірлері тазартылды. Өңірдің елді мекендерінде су басудың



Шу

мен

Талас -

ҰДАЙЫ

Сақталуға

мен облыс әкімі аралау барысында бірқатар аумақта әлі де қауіпсіздік шараларын күшейту қажеттігін айтып, ол бойынша тиісті тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктелді.

Негізі, топан судың алдын алу мақсатында биыл барлығы 1 790 шақырым канал, 1 833 шақырым арық, 437 шақырым дренаж жүйесі, 946 су өткізгіш құрылыстар тазартылып, елді мекендердің айналасына үйінді төсеу жүргізілген. Облыстың барлық су қоймаларында тасқын сулар мен еріген суларды қабылдауға арналған қосымша көлемдер қарастырылған.

Казір су қоймаларының толу деңгейі Тасөткелде – 90, Теріс-Ащыбұлақта – 85, Ынтальда – 88, Ақкөзде – 20, Қарақонызда – 99, Бүркітті – 29, Қақпатас – 58, Чоң-Қақпа (Киров) 77 пайызды құрап отыр. Бұл шараларға қарамастан, қауіп-қатер жоқ деп қарап отыруға әсте болмайды. Ауа райының кез келген жағдайына дайын болуға тиіспіз. Сондықтан облыстың аумақтық азаматтық қорғау жүйесі жоғары дайындық режиміне келтірілген. Бұдан бөлек, су тасқыны жағдайының күрделенуіне жедел ден қою мақсатында 1 459 адам, 364 бірлік техника, 135 су айдау құралы және 19 жүзу қондырғысы сакадай сай дайын тұр.

Сонымен қатар су қоймаларының толу деңгейіне үздіксіз мониторинг жүргізіліп, халықты қабылдауға арналған 396 пункт дайындалған.

Тағы бір айта кетерлігі, жуырда облыс әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібек бастаған топ Талас Алатауы, Қырғыз жоталарының солтүстік беткейіндегі мореналық көлдердің жағдайын және биік таулы аумақтардағы қар қорын өуеден бақылап қайтты. Зерттеулер 600-ден 4 000 метр биіктікте жүргізілді. Қуаныштысы, таулы аймақтың тік беткейлерінде қар көшкіні, қар жамылғысының қарқынды еруі және көлбеу ағын белгілері байқалмаған. Өзен арналары мұзсыз, өзен бассейндерінің ортаңғы және төменгі бөліктерінде мұз кептелісі жоқ.

Әрине, мұндай ақжолтай хабар көңіл қуантады. Десе де, босансуға еш негіз жоқ. Себебі бүгінде су астында қалған елді мекен тұрғындары ауылдарын су алатынын алдын ала білген жоқ. Сондықтан қандай жағдайға да дайын болған абзал. Әйтеуір, «бәрі бақылауда» деген басшылардың сөзі «сұлу статистика» болмаса болғаны...

Жамбыл облысы



ауданына қарасты ауылдарды су алып, халық әбiрге түскен болатын. Шенділерден маза қашып, бірқатар басшылардың былғары орындығы да шайқалған. Осы орайда өңірдегі ахуалды білмек мақсатта облыстық Төтенше жағдайлар департаментіне хабарласқан едік. Мекеме бастығы Арман Токановтың айтуынша, қазір алты елді мекенді су басу қаупі сақталып тұр.

Облыс аумағындағы елді мекендер мен шаруашылық объектілерін су басу қаупі Шу, Талас және Аса өзендерінің арналарында су деңгейінің көтерілуінен, тау бөктеріндегі еріген қар және жаңбыр суларынан болуы ықтимал. Бүгінде су басуы мүмкін 42 елді мекеннің 34-інен қауіп алынды. Екі (Сарыкемер ауылы және «Здоровье» саяжайы) елді мекеннің қаупі төмендетілді. Су басуға бейім 6 елді



алдын алу үшін 3 500 текше метр қар шығарылды. Облыс аумағында 141 гидротехникалық құрылыс болса, 18-і республикалық, 115-і коммуналдық және 8-і жекеменшікте.

Былтырғы ақпан айында инспекциясының, «Қазсушар»

республикалық мемлекеттік кәсіпорны облыстық филиалы және «Жамбыл суқоймалары» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өкілдері гидротехникалық құрылыстарға тексеру жүргізді. Нәтижесінде, «Жамбыл суқоймалары» мекемесінің меншігіндегі 24 суқоймаға ағымдағы

жөндеу жүргізу қажеттігі анықталды. 2023 жылы 14 гидротехникалық құрылысқа жергілікті бюджеттен 67 миллион 615 мың теңге бөлініп, ағымдағы және қайта құру жұмыстары жүргізілді, – дейді Арман Құмарұлы.

Департамент бастығының айтуынша, қазір олар «Қазгидромет» мекемесімен байланысты нығайтып, тәуліктік бақылау жұмыстарын бірге жүргізуде екен.

«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалымен тығыз байланыста жұмыс істеудеміз. Дағдарыс жағдайлары басқармасының электрондық поштасына әр күнге арналған ауа райы болжамы түсіп отырады. Сонымен қатар әр үш сағат сайын дағдарыс жағдайлары басқармасының жедел кезекшісі «Қазгидромет» филиалының диспетчерлерінен ауа райындағы өзгерістер жайлы нақты мәліметтер алып отырады. Дауылдық ескертулер бойынша дағдарыс жағдайлары басқармасының жедел кезекшісі халықты құлақтандыру үшін ұялы байланыс операторлары арқылы SMS, «Дармен» қосымшасы арқылы хабарламалар таратады. Сондай-

Негізі, топан судың алдын алу мақсатында биыл барлығы 1 790 шақырым канал, 1 833 шақырым арық, 437 шақырым дренаж жүйесі, 946 су өткізгіш құрылыстар тазартылып, елді мекендердің айналасына үйінді төсеу жүргізілген. Облыстың барлық су қоймаларында тасқын сулар мен еріген суларды қабылдауға арналған қосымша көлемдер қарастырылған.

ак азаматтық қорғаудың барлық бөлімшелері мен тиісті ұйымдар мен мекемелерге таратылады. «Қазгидрометтен» күнделікті ауа райы болжамынан бөлек, апталық және айлық ауа райы болжамдары да түседі. Осы арқылы ауа райындағы өзгерістер жайлы алдын ала болжамдар жасауға мүмкіндік тууда. Ал ақпаратты уақытылы алудың нәтижесінде төтенше жағдай аумағына күштер мен құралдарды дер кезінде жұмылдыра аламыз, – дейді Арман Токанов.

Иә, сақтық шаралары жіті назарда болса – жанға жылу. Әйтеуір, «бармақ басты, көз қыстыға» жол берілмесе болғаны.

Күні кеше Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев өңіріміздегі басты су жүйелерінің бірі Талас өзенінің жағалауын нығайту жұмыстарымен танысып, нақты тапсырмаларын берді.

Жалпы, Тараз қаласы мен Байзақ, Жамбыл аудандарының бірқатар елді мекені өзен жағалауына жақын орналасқаны белгілі. Сондықтан ондағы тұрғындардың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Бұған дейін өзеннің 28 шақырымға жуық жағалауы бойынша нығайту жұмыстары атқарылған. Деген-



Осы бір естелікті есіме түсірген сайын менің жадыма Қойшығара Салғараұлы түседі. Себебі қазақ тарихы былай тұрсын түркі тарихын зерттеудің өзі мұң болып, бұрмаланған тарихи деректер мен еңбектер ғана жазылып жүргенде кешегі ер түріктің ұрпағының рухты жүрегінде: «Біз кіміз?», «Қайдан келдік, тегіміз кім?» деген сауалдың маза бермеуі заңдылық еді. Себебі еуропалық таным-түсінікпен жазылған тарих бойынша біз жабайы халық қанамыз. Осылайша, Қойшығара аға бейне бір теңіздің түпсіз тереңінен маржан қармағандай, жердің терең қабаттарынан алтын іздегендей мұрағаттар мен кітапханалардан қоламтада сөнуге таяп қалған әлдебір шокты үрлеп отқа айналдырады. Шоктың отқа айналуы «Алтын тамыр», «Көмбе», «Қазақтың қилы тарихы», «Қазақтар» деген роман-эсселер арқылы көрініс тапты. Тарихқа қатысты жалпы саны 40 кітабы арқылы қоламтаны үлкен жалынға айналдыра білді. Ол отты өшірмек болғандар да табылған, тарихшының алдына қилы кедергілер ұйымдастырған. Жазушыға бүркеншек арыз жазылып, баспадан 30 мың дана болып басылып, сатуға шығарылғалы жатқан кітап туралып, макулатураға кететін болады. Сонда Жазушылар одағынан жазушы Әбіш Кекілбайұлы: «Бұл – қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған құбылыс. Дер кезінде жазылған аса қажетті шығарма» деп бағасын беріп, кітап ғұмырын сақтап қалыпты.

ТАСТАЯҚ ТУРНИРІНДЕ ТЫНДАҒАН ЛЕКЦИЯ

Жыл сайын бильярдтан Ақселеу Сейдімбек атындағы дестүрлі турнир өтіп жатады. Қолына қалам мен кийді серік еткендер үшін бұл да бір мереке. Қауқылдасып, мәре-сәрсө болысып, шар соғыстырады. Әлбетте, бұл турнирдің құрметті қонағының бірі – Қойшығара аға. Жастарға сәттілік тілеп, батасын беріп, қашан көрсең айналасына үлкен-кішіні жинап, қазақтың түп тарихына, ежелгі түркі дәуіріндегі деректеріне, бүгінгі қоғамның ахуалына қатысты әңгімелеп тұрғанын көреміз. Сондай әдеткі турнирдің бірінде дастарқан басында Қойшығара ағамыз әркі-беркі тарихтан сыр шертіп, әңгімесімен көпті ұйытып отыр екен. Өзімнің бильярдтағы кезекті қарсыласымды ұтып келіп, мен де қастарына жайғастым. Келесі ойынға дейін біршама уақыт болуы керек. Демек ағаның құнды әңгімесін біраз тындауға уақыт бар деген сөз. Ағамыздың қасында елге белгілі біршама азамат бар екен. Дәл жанында сол кездегі Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың орынбасары Ғани Бейсембаев отыр екен (бүгінгі Оқу-ағарту министрі). Әңгіме түркішілдік, пантюркизм жайында өрбіп жатты. Әңгіме тізгіні Қойшығара ағамызда: «Сосын не істеді? Пантюркизммен күресті. Ол күрестен де дым шықпағандан соң қайтті? Әр түркі халықтарының өзінің алфавитін жасады. Қазір ноғаймен де, құмықпен де сөйлессеңіз, қазақпен сөйлескендей сөйлесе бересіз. Ал жазуын оқысаңыз түсінбейсіз. Бірге туған деп саналып жүрген қырғыздың жазуының өзі «ооо» деп созылып жазылады. Әйтпесе, бір ғана тілде сөйлеп жүрген халық едік. Қарашы енді, кешегі Тұран одағын құрамыз дегенде Әзербайжан президентінің өзі «бүкіл түркі тілінің ішіндегі ең көне тіл, ортақ тіл – қазақ тілі болуы керек» десе, ал Түркия президенті Ердоған «Орталығымыз – Түркістан болуы керек, ол – атамекені-

Жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясын қалай жазғаны туралы айтқан «Өз жайымнан мағлұмат» атты естелігінде былай дейді: «Әлдеқашан бел асып кеткен көштің жұртына кешігіп жеткен жолаушы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап, тұтатпақ боп үрлемей ме – жаңағы естеліктерді шашау шығармай сақтаған менің халім де сондай еді. Сөйтіп, мен қарт адамдардың көмескі жадында ұмыт болған көп нәрсені қайта ойлатып, айтқызып алдым», – дейді.

Түркі тарихын

міз» деді. Барлығы біліп отыр. XX ғасырдың басында мұны Ататүрік ұғымға кіргізген еді. «Солнечная языковая теория» деген. «Бүкіл адамзат баласы түріктен жаратылған, түрік тілінен тараған» деді. Міне, мен осының барлығын тарихи деректерін келтіріп, жүйелеп жаздым. Барлығы кітап болып шықты. Адамзаттың пәленбай мыңжылдық тарихы жатыр. Әр адамның тарихы туған күнінен басталатыны секілді халықтардың да тарихы жаратылған уақытынан басталады. Өткен XX ғасырдың аяғында молекулада сақталып қалған адамзаттың тұқымтек қорын анықтайтын генетиктер ДНК тәсілі арқылы адамзат баласының жарал-

Балкыбек пен Серікбол Қондыбайдың еңбектеріндегі «Ман» ұғымы туралы деректер түсті. Әңгімеге тұздық болсын деп сол деректерді айттым. «Иә, дұрыс байқандың. Серікбол бір көштің бойындағы алты «манды» айтады. Енді оның қызығын айтайын. Бұл тым ертедегі дүние. Айдың ағалары, Айдың інілері деген болған. Әуелі Күнтегі деген болды. Патшалар өздерін «Күннен жаралғанбыз» деген. Жапондар өздерін «Күннен жаралғанбыз, Құдайдың баласымыз» дейді. Бұл матриархаттық кез. Одан кейін патшадан бір сағы төмен Абыздар өздерін «Айдың ағасы мен інісіміз» деді. Мәселен, Аркадым деген халық болған. Гомерден кейінгі атакты ақын Гете сол халық туралы «Олар жаралғанда аспанда ай жоқ еді» дейді.



XX ғасырдың аяғында молекулада сақталып қалған адамзаттың тұқымтек қорын анықтайтын генетиктер ДНК тәсілі арқылы адамзат баласының жаралғанына қазір 200 мың жыл болды деген болжам жасады. Ал біздің жалпы тарихымыз – 10-ақ мың жыл. Оның алғашқы 5000 жылы қазба деректер, соңғы 5000 жылы жазба деректер. Ал генетиктердің болжамы рас болатын болса, қалған 190 мың жылдың тарихы қайда?



ғанына қазір 200 мың жыл болды деген болжам жасады. Ал біздің жалпы тарихымыз – 10-ақ мың жыл. Оның алғашқы 5000 жылы қазба деректер, соңғы 5000 жылы жазба деректер. Ал генетиктердің болжамы рас болатын болса, қалған 190 мың жылдың тарихы қайда? Бәрі бір жерден тарайды ма, әлде әр жерден бастау ал ма, не десек те, сонау түп бастауда, қайнарда тұрғандар болды ғой. Сонда біздің түп тамырымыз қайда деймін ғой? Сөйтсек, жер жаһанда ата-бабамыздың ізі бар. Америкада да, Аустралияда да, Африкада да түріктердің ізі бар. 64 миллион халқымен су астына кеткен Атланттар да түрік. Ең соңғы кітабым – Танымдық тартылыс. Мұнда – Адамтану, Құдайтану, Тұлғатану деген үш тараудан тұрады.

Мысалы, «Ман» деген бар деп бір Мүлкен тақырыптың ұшын шығарды. Осы кезде менің есіме Әмірхан

Бушмендер де солай. Айдың ағалары болған. Яғни, ай жоқ кезде жаралған халықтар айдың ағалары да, ай бар кезде жаралған халықтар айдың інілері болып саналды. Айдың ағалары патшалыққа келгенде, матриархаттық кезеңде мұрагерлік жолмен патша не қызы, не қарындасы болған. Оның қарындасын, яки қызын Абыздар алған. Содан Күнтегі, яғни күнге жасалатын рәсімдердің бәрі қалып, айға жасалды. Осы рәсім Кіші Азияға келгенде күнді біржола құртып, айға жасалды және онысын Құт-Ай деп атады. Біздің Ұлы даламызға келгенде ол атау Құдай болып аталды. Құдай деген сөз содан шығады. Бұл барлық аңыздарда кездеседі. Сонау парсылардың аңыздарынан кешегі Хусрауға дейін осыны жазады. Оның кітабы «Құдайнама» деп аталады. Геродоттың алдындағы тарихшылардың барлығы Кавказды жердің шеті деп түсінген. Сондықтан олардың бұл Азиясы қазіргі Ал-

дыңғы және Кіші Азиямен тұйықталады. Кейін осылардың өсіп-өніп, өріс кеңейткен ұрпақтары Кавказ тауының терістігіне өтеді. Қазақтың қазақ болғанға дейінгі тарихы, міне осы кезден басталады. Кавказдың теріскейіндегі бұл алып даланы тарихшылар «Ұлы Дала» деп атайды. Кейіннен ғұламалар ай да, күн де Құдай емес екенін тапқан. Олардың пікірінше тірлік аспан мен жердің жарасымы, түйісуі. Сондықтан да олар сол түсінікті «таң» деп атаған. Теңіз бен жердің түйісетін жерін де таң дейді. Екі аяқтың түйісетін жерін де таң дейді. «Таңын жарқыратып» деген сөз бар. «Жаяу адам атты адамға ерем деп таңы айырылыпты» деген де бар. Үлкен көлдерді, теңізді желді күні барып қарасаныз су шайған кезде құмда қалған ізі таңдай. Таң сияқты деген сөз. Ауыз қуысындағы жоғарғы сүйек қабын да «таңдай» дейміз. Енді жаңағы айтқан таңымызға келейік. Аспан мен жердің үйлесімі болуы керек деді. Аспаннан қар, жауын жаумаса, күннің, айдың нұры түспесе жерде тіршілік болмайды дей келе оған жер дегенді қосты. Оғыздар жерді «иер» дейді. Таң мен иердің қосындысынан біздің Тәңір деген атауымыз шығады. Тәңірлік танымда Жұмақ та бар, Тозақ та бар. Бірақ ол о дүниелік емес, бұл дүниелік түсінік. Ал ол кездің жұмағы не? Бірлік! Бес саусақ. Біріктірсең не болады? Жұм болады. Көзіңді де жұм деп айтамыз. Ал «ак» дегеніміз – күшейткіш жалғау. Пәленшенің баласы бала-ақ екен дейміз. Ал сонда бірлігіміздің күштілігі – жұмақ. Мұның керісінше тозы – тозақ. Сенің тірлігіңдегі бірлігің болмай азып, тозудың шегі – тозақ. Мұны Әлкей Марғұлан толық зерттеді. Осы ұғымдардың барлығын мен кітабымда ашып айтамын. Мен бір ғана мысал айтайын, Петрдің шведтермен болған соғысын еске алайық. Сол кезде шведтер жеңіліп, шведтің королі мен корғаушылары қашады. Содан түркілердің қолына түсіп, тұтқын болады. Кейіннен қайтадан босап шығып қайтадан король болып 36 жасында соғыста қайтыс болады. Сол корольдің естелігінде бір-ақ ауыз сөз бар: «Мен түріктердің тұтқынымын. Осындай әділетті елде тұтқын болу қандай бақыт» дейді. Король айтып отыр. Бір елді ашса алақанында, жұмса жұдыры-

ғында ұстап отырған адам. Ол аз болса, немістердің XV ғасырдағы інжілді бірінші неміс тіліне аударған дін иесі Мартин Лютер деген сол ұлттың рухани көсемі болған. Соның бізбен, яғни түріктермен соғысында айтқан сөзі бар: «Ей, немістер! Түріктерді тоқтатпандар. Немістерді жаулап алсын. Сонда ғана сендер әділеттілік пен заңдылықтың не екенін білесіңдер» дейді. Ал әрі тарихшы, әрі саясаткер, жазушы, француздың атақты ғалымы Монтескье Шарль Луи дың: «Даңқы мен атактылығынан әлемнің бірде бір халқы түріктермен теңдесе алмайды. Басқа халықтарды Тәңірі осы халыққа қызмет ету үшін жаратқан секілді. Дүниежүзіндегі империяларды құрған да – осылар, қиратқан да – осылар» дейді. Ал Намарати деген түріктер туралы «Дүниежүзіндегі ең алғашқы өркениетті құрған, мәдениетті де әкелген» деп айтып келеді де, «Адамзатты осындай даңққа бөлеген түріктерге қарсы дұшпан болу – адамзат баласына дұшпан болу. Құдайдан тілейтінім мені осындай күпірліктен сақтаса екен» дейді. Міне, осыларға мен пара беріп айтып отырмын ба?! Олар бізге

емес. Ішінде «атам айтып еді, әкем айтып еді немесе қазақта былай деуші еді» деген сөз жоқ. Барлығының тарихи деректері бар. «Адамзат баласы түріктен жаралған» дедік. Былай қарасаң, ертегі секілді естіледі. Енді осыған «Оның қандай дәлелі бар? Неліктен олай деді?» деп бас қатырмайды. Мұның барлығы осы жасымда маған түкке де керек жоқ. Бұл ұрпаққа керек», – деп тоқтады тарихшы. Осы ретте, Ғани Бейсембаев сөз алды. «Ең алдымен мұны кітап қылып көбейтіп шығарып, екіншіден, жоғары оқу орындарына тарату керек қой. Мен сізді түсіндім. Кабылдадым. Енді маған сіздің айтқандарыңыздан қандай әрекетке барудың жолын табуға уақыт беріңіз. Сізбен қайтадан кездесетін боламын» деді. Осы кезде тарихшының айналасындағылар бірі кітабының атын сұрастырып, бірі телефон нөмірін сұрап жатты. Ағамыздың әңгімелері әрі қарай Қытайдағы мұрағатқа түскен сәттегі оқиғаларымен өрбіді. Бір жарым жыл бойы сонда болғаны, сол уақытта он кітап жазылып, сол кездегі Президентке ұсынғанын айтты. «Сонда Президент кітапқа ұзақ қарап, ақтарып

ғын, ынтымақтастығын тереңдеп зерттеп, бауырмалдық бірлестігін жазғым келеді. Соған көмектесулеріңізді сұраймын» дедім. Содан елшілікке тапсырып кеткен ғой. Үйім, көлігім, аудармашым, барлығы дайын болды. Ал архивін бір қала десек болады. Мен тіл білмейтін адаммын ғой. Мен бір дүниені айтсам, олар сол керегімді алдыма әкеліп береді. Сол кезде сонда Абылай ханның өзге де атаулы күндердің тойы болады ғой. Мұнда маған беріп жіберген шапанын, тартуын сонда алып бардым. Сонда ең бірінші мені архивтің директоры жұбайы екеуі шақырды. Сонда менің бірінші сөзім мынау болды. «Біз де мынандай мақал бар: «Дәм бұйырып шетелге шыға қалсаң, бірінші

ұрлап, оны адамдарға бергені үшін Зевстің қаһарына ұшырап скифтер мекендейтін Кавказ тауына бұғауланып тасталады. Прометей әкелген от техникалық прогреске жол ашады. Ол өзінің қатты азап шеккеніне карамастан, қолында жасын ойнатқан Зевстің өзіне батыл қарсы шығып, алған бетінен қайтпайды. Бұл ретте, К.Маркс Прометейді «...адамзат тарихында ең ізгі ниетті әулие әрі азап шегуші» деп атайды. Бір қызығы аңызда Прометей Кавказ тауына бұғауланғанда тұрқы тұлпар, басы адам кентаврлар оған жанашырлық танытады. Ал тарихшылар тақымы аттан босамаған кентаврларды ежелгі түріктер деп есеп-

Түгендеген Тұлға



бодан болып, жағымпазданып айтып отырған жоқ. Біз сол осынау айбынды ғұмыр кешкен түріктерді тани алып жүрміз бе?! Маған мақтау да, қошемет те керек емес. Мақтаудан құр алақан емеспін. Мерейтойым сайын жер-көкке сыйғызбай мақтайды. Осы уақытқа дейін 53 кітап жазсам, соның 40-ы тарихқа қатысты. Ал енді қызығын қараңыз, мені танымал еткен – алғашқы жазған төрт кітабым. Мемлекеттік сыйлықты да сол арқылы алдым. Президент те сол арқылы таныды. Ал қалған кітаптарым туралы ешкім біле бермейді. Кітаптарға қатысты ештеңе айтылмайды, тек өз қара басымды мақтайды. Тым құрыса бір кітабымды талдап, оның жаңалығы неде екені, қандай деректерді қалай тарқатқандымды айтпайды. Осы кітабымды студенттерге тегін таратса ғой. Тіпті, менің кітабымды оқытпай-ақ қойсын. Менің кітабымның негізінде студенттерге арналған оқулық жазса, барлық деректер тұр. Бүкіл адамзаттың тарихынан бастап, бүгінгі танымға дейін алдарына жайып беремін. Менікі жалаң сөз

отырып, бетіме қарап «Қойшеке, ұйықтамапсың ғой» деді. Мен: «Осында пәленбай жазушылар бар, тарихшылар бар, ішінде көне тілдерді оқытын, иероглиф білетіндері де бар. Соларды жібермей, мені жібердіңіз. Егер сол сенімді, жауапкершілікті ақтамасам, сөз сізге келеді» дедім. Қытайда күніне он алты сағат жұмыс істедім. Бұл ретте, Қуаныш Сұлтановтың көп көмегі тиді. Оған кіргенімде «Аға» деді, «Қытай деген халық құпиясын ішке бүккен ел. Тарихшымын деген қанша адам түк таба алмай кеткен. Нұрекен де маған қатты тапсырды. Мен олардың басшыларын, қойма менгерушілерін, елшілерін қонақ қыламын. Сыйлық тапсырамын. Ал сізді тарихшы емес, жазушы деп таныстырамын» деді. Сөйтіп, шақыратын адамдарын шақырды, мені таныстырды. Сөз маған келгенде мен: «Біз сіздермен әлімсақтан көрші болған елміз. Тарихта соғысқан, біліскен, құда болған кездеріміз де бар. Бүгінде екі елдің ынтымақтастығы жақсы. Екі басшы келісіп мені жіберіп отыр. Екі елдің досты-

кездескен адам сенің туысын» деген. Негізінде бізде ондай мақал жоқ. Сосын әрі қарай: «Енді менің Қытайдағы туысым – сенсің! Қазақстандағы сенің туысым – мен! Ал сол туыстығымыз үшін деп тост көтердім. Содан кейін талай жерге жолым ашылды» дейді ағамыз. Әңгіме біршама уақытқа созылды.


Сол күнгі Ақселеу Сейдімбекті еске салуға арналған тастаяқ турнирінде мен бас жүлдені иелендім. Бұл менің ең алғашқы жеңісім еді. Марапаттау салтанатында мені Қойшығара аға құттықтап, қолымды алды. Менің ең басты жеңісім – кеудесі көмбе, танымы – телегей, білімі – бірегей ағамыздың ғибратты әңгімесін тыңдау болды. Ағамыздың телефонын алып, кейін тарих пәнінен сабақ беретін досымды ертіп алып, абыздың шаңырағына барып әңгімесін армансыз тыңдадым. Ұзын-сонар әңгімеміздің жалпы уақыты төрт сағатқа созылыпты. Бұл енді бөлек әңгіме...

АЛАШ ЖҮРЕГІНЕ ОТ ЖАҚҚАН

Сөз басында қолаптадағы от туралы бекерге қозғамадық. Жалпы, от туралы сөз қозғағанда грек аңыздарындағы маған ұнайтын бірден-бір кейіпкер Прометей есіме түседі. Есімі «ақылмен іс жасайтын» немесе «алдын болжайтын» деген мағына білдіретін ол өз ата-анасынан берілген ақылдылығы мен батылдығын өз халқының пайдасына жұмсап, негізін өзі қалаған еліне қорған болатыны айтылады. Ол адамдарды үй салуға, метал өндеуге, егін егуге, суда жүзуге, жазу-оқуға, есеп-қисап жүргізуге, жұлдыздарды зерттеуге және өзге де көптеген дүниеге үйретуші. Аңыз бойынша Прометей құдайлардың мекенінен от

тейді. Демек Прометей... Жә, айтар ойымыздың қазығына оралсақ, Құдайларға қарсы шығып, адамзат игілігі үшін от ұрлап адамдарға таратқан Прометейді неге сөз қылдық? Бұл жерде от – символика ғана. Адамзаттың ізгі мұраты үшін күресіп, сол жолда өмірін сарп еткен жандарды біз Прометейге ұқсатсақ болады. Бұл ретте, Қойшығара Салғараұлын Алаш жұртының сонау мыңжылдықтағы рухани жадын оятушы, шетелдегі мұрағаттардан (әсіресе, Қытайдан), тарихымызға қатысты көне деректерді от түрінде елімізге әкеліп, кешегі түркі ұрпақтарының жүрегіне таратушы деп білсек болады. Тарихшының күн-түні архивтерді ақтарып, күлкісіз күндер мен ұйқысыз түндердегі әлдебір деректің ұшығынан ұстап, берісі түркі жұрты үшін, арысы адамзат үшін тосын жаңалықтар ашқан сөті қандай болды екен? Қандай сезім кешті? Қандай хәлде болды? Қан-тамырын қуалай билеген сезімдердің атауы қандай болды, ол жағы бізге белгісіз. Белгілісі тарихы отарлаушының нұсқауымен жазылған елге «от таратқаны» ғана. Прометейдей азап шегіп, алапат еңбек сіңіріп жүрсе де, арын нанға сатпаған ағамыз өзінің өмірлік миссиясын: «Өзімді тарихтың жоғалған сынар шегесін де қалдырмай түгендеуге үлес қосуды мұрат тұтқан қазақтың бір перзентімін деп есептеймін» деген сөзі арқылы жеткізеді. Ендеше көн тарихтан керуенін бұрып, күллі қазақ жүрегіндегі көмескілене бастаған көңіліне шуақ (ОТ) сыйлаған ағамыздың қаламына Құдай қуат, деніне саулық берсін деп тілейміз!

Наурызбек САРША





«ҒАЛАМТОРДАҒЫ ҚУҒЫН»:

Александра Асанқызы Элбакян – Қазақстанның тумасы. Еліміздің жетекші оқу орындарының бірі – Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің (қазіргі Satbayev University зерттеу университеті) түлегі. Сондай-ақ Германияның Фрайбург университеті мен АҚШ-тың Джорджия Технологиялық институтында тамаша білім алған. Алайда бүгінде Александра Америкаға адам бермейтін елдерде жасырынуға мәжбүр. Өйткені оның ізіне FBI түскен. Неге?

Қазнетте, Рунетте ғана емес, бүкіл жаһандық ғаламторда Александра Элбакян Sci-Hub атты бірегей «ашық ғылыми кітапхананың» негізін қалаған адам ретінде танымал.

Ол «білім бұлағының қоймасын» 2011 жылы құрды, содан бері онда электронды форматтағы ғылыми жарияланымдар мен ашылымдарды және басқа да құнды материалдарды, мерзімді басылымдарды жинап, тегін таратып келеді. Кейбір деректер бойынша, әлемде бар бүкіл ғылыми еңбектердің жартысына жуығы сонда жинақталған. Яғни, бүкіл адамзаттың игілігіне еңбек ететін «Атымтай жомарт» деуге келеді. Онда оны әлемнің алпауыт елдерінің құзырлы органдары неге қудалайды? Мұның түп-төркінін «тегін таратады» деген сөзден табуға болады.

КОПИРАЙТ КҮРЕСІ ӘДІЛДІК ҮШІН БЕ?

Әлемде рецензияланатын ғылыми әдебиеттерді, ғалымдардың жарияланымдарын, ғылыми мақалаларын, ғылыми мерзімді басылымдарды және басқаларын орналастыратын бірыңғай библиографиялық, реферативтік дерекқорлар, порталдар, хабтар және басқасы толып жатыр. Олардың бәрі дерлік бұл қорларын сатады, ақы жинайды, жазылуды талап етеді.

Содан интеллектуалдық меншікті, авторлық және сабақтас құқықтарды қатаң сақтайтын дамыған елдер сыртында, тіпті Ресейде де Sci-Hub жобасы заңнан тыс деп жарияланған. Осылайша, Қазақстанның тумасы бітіспес жау Батыс пен Ресейді біріктіріп тұр.

Ақпарат құралдары сұхбат алғанда, Александраны «ресейлік» деп таныстырып жатады. Шын мәнінде, Элбакянның мойындауынша, РФ азаматтығынан ол идеологиялық тұрғыдан бас тартыпты.

Элбакянмен байланысты тағы бір тегін кітапхананың атауы латын әліпбиінің соңғы әрпінің атауымен Z-Library аталады.

2021 жылғы дерек бойынша онда 6,5 млн кітап, 80 млн мақала орналастырылған.

Мұндай тегін кітапханалардың қызметі әу бастан алдыңғы қатарлы елдердің биліктеріне ұнамады. Олар ескерту жасамай, әй-шәйға қаратпай белсенді бұғаттауға кірісті. Салдарынан, бүгінде кітапхана «көшпендіге» айналды: домені үнемі көшіп жүреді. Әзірге Қазақстанда ашылатын z-lib.is мекенжайында тұрақтады.

Осының алдында, 2022 жылғы қарашада Америка Құрама Штаттарының Әділет министрлігі мен Федералдық тергеу бюросы (ФТБ немесе FBI) Z-Library-ге үстемелете қуатты соккы берді. Ең алдымен, оған тиесілі қаптаған домендік атауларын тауып, шетінен ағытып тастады.

Ізінше ФТБ Аргентинада бас сауғалаған Ресей азаматтары, релоканттар Антон Напольскийдің және Валерия Ермакованың тұтқындалуына қол жеткізді. Оларға «авторлық құқықты қылмыстық бұзу, электронды байланыс құралдарын (wire-fraud) пайдалана отырып, алаяқтық жасау, сайтты ұстап тұру үшін қаржыны жылыстату» деген ауыр айыптар тағылып отыр. Ақпарат құралдары олардың Кремльмен байланысы туралы да жазды.

Қалай болғанда, бұларды Элбакянның «копирайтқа қарсы мылтықсыз майдандағы» білікті серіктестері деп атауға болатын еді. Содан Z-Library жұмысы біраз уақытқа дағдарды. Байтал түгіл, бас қайғы болған Напольский де, Ермакова да Аргентинаның сот инстанцияларында арпалысып, өздерін Америкаға экстрадициялауға жол бермеуге тырысып жатыр.

Сөйтіп, ғұламалардың шығармашылық, зияткерлік ақыл-ойының туындыларын сатып, ұшан-теңіз табыс табатын жаһандық «копирайт элитасы» масайрады, мерейі үстем болды. Олар осы арқылы өздерінің ойын ережелері мен заңдарына бағынбайтынның күні қараң болатынын паш еткендей.

Ғылым мен білімді адамзатқа тегін таратқысы келетіндермен күрестің сұрқы шынында сұрапыл: кейінгі жылдары Z-Library-ге тиесілі 241 домен бұғатталды, олардың арасында ең бастысы саналған z-lib.org, book4you.org, u1lib.org, bookmail.org, b-ok.org, b-ok.cc, booksc.xyz, bookos-z1.org, vn1lib.club, zlibcdn.com, usa1lib.org және басқасы бар.

Ғылымның мөлдір бастауынан сусындағысы келетін, бірақ сол үшін ақы төлегісі келмейтін немесе оған қаржысы жетпейтін білім қуған жастар, зерттеушілер ескі әдетпен осы сайттарды тере қалса, оларды басқы бетте АҚШ Әділет министрлігінің жеңімпаз ұраны қарсы алады: «Бұл домен Нью-Йорктің Шығыс округінің АҚШ округтік сотының ордеріне сәйкес, Фе-

FBI ІЗДЕГЕН ҚЫЗ

дералдық тергеу бюросымен тәркіленген!». Бұл таспадан ары қарай аттап басуға мүмкіндік жоқ.

Бұғаттау қақпасы тарс етіп жабылған сайын, еркін желілік кітапханалар бағдарынан айырылып, барар жер, басар тауы калмай барады.

Әрине, нарық заманында бәрі дерлік ақылы болатыны белгілі. «Кез келген еңбектің адал ақысы төленуге тиіс» деген қағида да бар. Сондықтан өзгенің еңбегіне «қарақшылық» жасап, тегін үлестіретіндерді бірде бір мемлекет қолдап, қолпаштай алмайды.

Алайда филолог, аналитик Сергей Голубицкийдің айтуынша, ғылыми және басқа да әдебиеттерді, жарияланымдарды ақыға ұсынатын дерекқорлардың бәрі бірдей соның авторларына тиесілі еншісін, ақысын аудару бермейді. Тек мықты заңгерлері бар немесе құқығын білікті қорғайтын фирмалардың клиенті саналатын авторлар еленеді, қошеметтеледі. Ол тарапта да әділдік шамалы.

«Жалпы, бұқараға ашық, тегін кітапханалар ұсыну – ақпаратқа деген кеңестік ескі көзқарас, ол нарық заманына жарамайды деп айтылып жатады. Алайда Кеңес кезінде халықтың оқитын кітабы қатаң бақыланатын, шектелетін. Одаққа кірген халықтар «темір шымылдықтың» ар жағындағы дамыған елдердің, адамзат өркениетінің мәдени және ғылыми мұрасына қол жеткізе алмады. Салдарынан, адамдар оларды өз бетінше көшіріп басып, «самиздатпен» шығаратын. Александра Элбакянның Sci-Hub жобасы қарапайым адамдардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыруға бағытталған», – деді Сергей Голубицкий.

ТЕГІН КІТАПХАНАҒА БЕДЕЛДІ ЖОО-лар ҚҰМАР

Қазнетте, рунетте қазақ және орыс тілдеріне аударылған әлем әдебиетінің түрлі туындыларын тегін табуға болады. Бірақ тәжірибеде копирайтпен қорғалған барлық құнды кітаптар, қолжазбалар, жарияланымдар жабық болып қала берді. Жазылыммен істейтін сервистер өріс алып, сұрайтын ақысының көлемі артқан сайын бұл проблема ушыға түсті.

Ал Sci-Hub сияқты жобалар барлық дерлік мемлекетке заңға қайшы деп танылып, ұдайы қылмыс ретінде қудаланады. Александра Элбакянның үстінен АҚШ,

Ресей, Швеция, Бельгия, Франция, Ұлыбритания, Үндістан және басқа елдерде іс қозғалған. Соның негізінде домендері тәркіленіп, жергілікті валютадағы көлемі миллиондаған айыппұлдар салынған.

Соған қарамастан, P2P схемасы, яғни жазылушылардың жеке аккаунттары арқылы байланыс ұстаған, Телеграмды пайдаланған Sci-Hub дамуын жалғастырды. Копирайт лоббиі Sci-Hub, Z-Library, Anna's Archive, Library Genesis және басқа еркін, тегін электронды кітапханалардың қызметін «артта қалған, қайыршы елдердегі маргиналдар ғана тұтынады» деген теріс көзқарасты нығайтуға тырысады.

Анығында, тегін кітапханалармен әлемдегі 370 университеттің байланысы анықталған. Оның 150-і АҚШ-та, 39-ы – Ұлыбританияда, 30-ы – Канадада, 10-ы Швецияда орналасқан. Және кейінгі эшелондағы емес, Кембридж, Оксфорд, Империялық колледж, Корольдік колледж сияқты жетекші ғылым ордалары бар. Олар өз студенттеріне, аспиранттарына, қызметкерлеріне төл кітапханаларындағы компьютерлер арқылы заңнан тыс деп танылған тегін е-кітапханалардан заңсыз жарияланған, копирайтпен қорғалған ғылыми еңбектерді еркін жүктеп алуына рұқсат етеді.

Сарапшылар бұл мәселенің төрелігін сұрап, Жасанды интеллектке жүгінді: «Александра Элбакянның айналысып жүрген ісі жақсы ма?» деген сауал қойылды.

«Бұл сұрақтың жауабы адамдардың нені «жақсы» деп танитынына байланысты. Бір жағынан, Sci-Hub сатып алуға қаражаты жоқ адамдарға ғылыми еңбектерге тегін қолжетімділікті ұсынады, бұл әлемде, кедей дамушы елдерде ғылымның өркендеуіне, білім деңгейінің артуына септеседі. Ғылымның ашықтығына ықпал етеді. Екінші жағынан, Sci-Hub авторлық құқықты бұзады, жариялауға авторлардың рұқсатын алмайды, сол арқылы баспаханалар мен ғалымдарға зиян келтіруі мүмкін. Ол жарияланатын еңбектердің сапасын тексермегендіктен, псевдоғылымның дамуына жол ашады», – деген жауап берді Google Bard жасанды зердесі.

Қазақстан тумасы Александра Элбакянның еңбегіне бағаны әркім өзі бергені жөн.

— Ержан, атаңыз, яғни қазақтың көрнекті ақыны Қабдыкәрім Ыдырысов туралы сөз қозғайықшы. Сіз атаңыз туралы ойға алғанда не еске түседі?

— Өкінішке қарай, мен атамды көре алмадым. Өмір жасы 50-де, мен дүниеге келген кезіме дейін үзілді. Атам туралы әңгіменің бәрі Бәтеш апамыздан (Атамның жұбайы) естідік. Одан бөлек, кара шаңырақтағы портреттер мен атамның аты бар кітаптары арқылы түсіне бастадым. Одан кейін мектепте оқып жүргенімізде, қазақ әдебиеті сабағында атамның «Әрқашан күн сөнбесін!» өлеңін өттік. Сондықтан атамның мұрасы ахуалында өткен балалық шағымды еске алғанда, мынадай ойға келемін: ол ұзақ өмір сүрсе, бір-бірімізді көрсек, ол әр немересі туралы, алған әсері туралы көп өлең жазар еді. Себебі Ерлан, Нұрлан, Бағлан мен Біржан туралы (ұлдары) өлеңдерінде көп айтады. Жақында өзім шығарған атамның балаларға арналған жинағын оқып отырып, ол кісінің өлеңдерінің мәңгі өлмейтінін, ол өлеңнің бәрі өзіміз туралы екенін түйсіндім. Тіпті, немерелерімен ешқашан кездеспесе де, өлеңнің бәрі солар туралы айтып отырғандай әсер қалдырды. Меніңше, ол менімен бірге өткізетін, менімен бірге ертегі айтатын мүмкіндіктің орнын толтырып, өзінің ата ретінде рөлін жақсы орындай білді.

— Әкесі «Халық жауы» боп ұсталғанда атаңыздың жасы 9-да ғана болған екен. Сол кездері «Қолыма алдым қарындаш, көңілде қайғы, көзде жас» деп алғаш өлең жазыпты. Ақынның балалық шағы туралы естелік кітаптар жазылды ма?

— Атамның балалық шағы туралы арнайы естелік кітап шығарылған жоқ. Алайда жоғарыда аталған алғашқы өлеңінен бөлек, әкесі Ыдырыс Мұстафинге арналған 18 бөлімінен тұратын «Әке жолы» поэмасы және «Әке суреті алдымда» өлеңі бар. Алғашқы өлеңі әкесінен айырылып, қиналып жүрген сәтінде жазған.

Атам бір сұхбатында: «Менің тұрғыластарымның барлығының балғын шағы аса бір ауыр шақтарда өтті. Мен бесінші класты аяқтап, алтыншыға көшкен жылы Ұлы Отан соғысының сұрапылы басталып кетті. Ауылдағы бар естияр ағалар соғыс жарияланған күннің ертеңінде-ақ бірінен соң бірі соғыс комиссариатына шақырылып, кешіккендері өздері сұранып, суырылып майданға аттанып жатты. Мектептегі ер мұғалімдердің көпшілігі қолындағы қалам-дәптерлерінің орнына мойындарына сұсты қару асынды. Бұған дейін әкемнен айырылып, жетімек атанған едім. Енді ер азаматтарын майданға жіберіп, бүкіл ауылымыз жетім қалғандай анырап, қиын тауқыметті тұрмысқа душар болдық» деп айтады. Атамды тұмсығынан сүйреп жүріп жеткізген анасы — Жекен әжем. Анасына арнап жазған «Күлші Ана, күлші тағы да» деген өлең жолдары бар.

— Бала Қабдыкәрім Иса Байзақовтан бата алған деседі. Үлкен ақын болуына балалық шақтағы қиындық, «халық жауының» ұрпағы ретінде көзтүрткі болу, бақытсыз сәттер әсер етті деп ойлайсыз ба?

— Әкем Нұрланның айтуынша, атасы Ыдырыс Мұстафин Қостанай аумағында генерал-губернатор орынбасары болған ағасы қамауға алынғаннан кейін оның отбасына көмек көрсеткені үшін өзі де «халық жауы» болып, ұсталып кетеді. Сөйтіп, әкесінен тірідей айырылады. Ол аз дегендей, ашаршылық кезінде екі қарындасы да аштан өледі. Анасы екеуі ауыр заманда аман қалып, артынан соғыс басталып кетеді. 13 жасынан бастап



Ержан ҚАБДЫКӘРІМ, IT заңгер:



Өмірлік тағдыры,

ҚИЫНДЫҒЫ

ӨЛЕҢ

Бір өмірді

«Қабдыкәрім Ыдырысов – творчестволық өрісі кең ақын. Ол нәзік лирик болып та, еңселі эпик болып та жырлайды. Тақырыптары да алуан-алуан. Баламен де, атамен де сырласады. Сүйіне де, күйіне де біледі» деген екен ол туралы Жұбан Молдағалиев. Біздің бүгінгі әңгімеміз – «Ән сүймеген өмірді де сүймейді, өзім жоқта әнім жүрсін құлақта» деп жырлаған ақын Қабдыкәрім Ыдырысов жайында. Жуырда ақынның 95 жылдығына арнап, арнайы жинақ шықты дегенде елең ете қалғанбыз. Жинақты құрастырып, баспаға ұсынған – ақынның немересі Ержан Қабдыкәрім. Мамандығы заңгер болса да, атасының мұрасын жинақтап, оқырманға табыстап жүрген Ержанға қоңырау шалып, аз-кем тілдескен едік.

түрлі ауыр жұмыстарды атқарады, ақырында денсаулығы сыр береді.

— Кітаптарыңыз ішінде өз өмірің жазған жерлері бар ма?

— Бұл сауалға атамның өз сөзімен жауап берейін: «Әке жолы» атты үлкен дастан мен «Ол кезде он үште едік» деген балалық шаққа арналған кітапшам өзгелерден гөрі ыстық тартады. Осы айтылған екі дүниеде де өз өмірімнен, өз тұрғыластарым, жолдастарымның өмірінен алынған көп жайттар бар.

— Ақын талай әнге сөз жазды. Ең танымалы — Әбілахат Еспаевтың «Қайдасындар, достарым» әні. Қазақтың той-думаны бұл әнсіз өтпейді. Одан бөлек, көпшілік біле бермейтін қандай әндер бар?

— Атамның өмірі тым қысқа болды. Солай болса да, қазақ әдебиетіне құнсыз мол мұра қалдырды. «Баянауыл вальсін» Павлодар маңайындағы білмейтін кісі табылмас. «Пусть всегда будет солнце» атты әнінің «Әрқашан күн сөнбесін» аудармасын білмейтін қазақ жоқ. Ал «Келші, келші балашым» әнін тіпті ежелден келе жатқан халық әні деп санайтындар көп. Алайда оны қазіргі әншілер қайталап айтып жатыр, бірақ әрине, ешқайсысы қазақтың атакты композиторы Ескендір Хасанғалиевтің орындауымен салыстыруға келмейді. Бұл ән қазір көптеген фильмдерде де айтылып жүргенін

кен адам. Бағлан ағамыз — спорттық функционер, Қазақстанға сумо деген жапондық дәстүрлі күресті әкелді. Біржан — инженер. Немересі, менің інім Әлихан — «Астана Опера» театрының дирижері әрі хормейстері. Ата ісін жалғастырып келе жатқан Әлихан болар. Бала кезінде Santa Lucia сияқты классиканы тамаша орындады. Тіпті, италияндық әнші Робертино Лоретидің музыка мектебінде болып, Әлихан осы классиканы оның алдында орындағанда, талантты әнші орнында отыра алмай, Әлиханға қосылып, оның балалық солосын құдіретті дауысымен толықтырған сәті де болды. Бұл таза импровизация болды. Егер ол кезде YouTube желісі болса, әлемге тарар еді.

Былтыр шығарған жинақ — менің баспа саласындағы бірінші қадамым. Бұрын бұл іспен марқұм әкем айналысатын еді. Бұл жинаққа толығымен атамның балаларға арнаған өлеңдері енді.

— Ұлдарының арасында өлең жазатындары бар ма?

— Атамның үлкен ұлы Ерлан әуесқойлықпен өлең жазғаны есімде. Оны үнемі біреулердің тұған күніне, үйлену тойы немесе басқа отбасылық іс-шараларға арнады. Мұны оңай және экспромт ретінде жасайтын еді. Менің әкем Нұрлан ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітіріп, ұзақ уақыт КазТАГ-та корреспондент болып қызмет атқарды. Алайда ешқайсысы өлең жазып кеткен жоқ. Бала кезімде ара-тұра жазға-



— Ақынның бүкіл шығармалары жинақ болып жарық көрді ме?

— Толық жинақ басып шығарылған жоқ, себебі шығармаларының саны көп және тақырыптары әртүрлі. Балаларға арналған өлеңдерінен бастап, саяси насихатқа дейін. Иә, ол партия, комсомол, Ленин, тағы басқа социалистік қуаныштар туралы үкіметтік тапсырыс бойынша жазуға мәжбүр болды. Ол түсінікті: сондай уақыт еді және атам оған имандай сенді. Сондай-ақ атамның жеке кітапханасында оның әлі жарияланбаған шығармалары мен қолжазбалары бар, тіпті орыс тіліндегі шығармалары бар.

Өйткені сол кезде өлеңдер баспадан бұрын тексерілетін еді. Сондықтан, менің ойымша, оның шығармаларын белгілі бір тақырыпқа сай шығарған жөн шығар.

ным бар, оның бәрі жас кездегі еліктеушілік болған шығар. Кей кездерде көңіл күйіме орай, балаларға арнап ертегі жазатыным бар. Олар балаға нақты бір нәрсені үйренуге, дамуына септігін тигізеді деп ойлаймын. Бірақ күнделікті өмірде мен IT заңгермін. Басқа үл немерелері, мәселен, Әлихан «Астана Опера» театрында істейді, Нұржан — әуесқой хоккейші, балаларды жаттықтырады және төреші ретінде қызмет атқарады.

— Ата есімін ұмытпау үшін не істеген абзал?

— Әкем тірі кезінде атамның мерейтойына арналған іс-шараларға үнемі белсене қатысты. Мысалы, 1998 жылы 70 жылдығына атамыз тұратын үйінде мемориалдық тақта орнатылды, 2008 жылы 80 жылдығына Алматыдағы Орталық концерт залында концерт қойылды. 2018 жылы 90 жылдығына естеліктер кітабы шықты. 2023 жылы 95 жылдығына Әлихан Павлодарда концерт өткізді. Одан басқа, осындай шараларды ұйымдастыруға Ыдырысовтарға туыс Павлодардағы Раздыковтар әулеті үлесін қосады, былтыр өмірден озған Дәметкен апамыз және «Сарыарқа самалы» газетінің журналисті Нұрбол Жайықбаев үнемі атамыз туралы жазып жүреді.

Қабдыкәрім Ыдырысовтың шығармашылығына шынайы ықылас танытатын тұлғаларға біздің алғысымыз шексіз. Атамыз жазған өлеңдерін оқу, оларды баспап шығару — болашақ ұрпаққа таралуына септігін тигізеді деп ойлаймын. Сондықтан мұндай шараларды үнемі қолдап отырамын және жүзеге асыруға көмектесуге тырысамын. Дәл қазір өзім шығарған жинақты барлығына қолжетімді қылу үшін электронды кітап түрінде дайындап жатырмыз. Атамның халыққа арнап жазған өлеңдері елге қызмет етуі қажет деп санаймын.

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС



ЕАДПР ҚАБА (КОМ.СМ)



Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,

Бір қызығы кейіпкеріміз үш бірдей мамандықты иеленген. Оның алғашқысы – қаржыгер, екіншісі – актер, үшіншісі – парфюмер. Мамандық тандау жолында бастапқыда өзге салаға назар аударса да, Гүлжанның парфюмерия саласына деген қызығушылығы мен ерекше ынтасы бұрыннан болған. Парфюмерия өндірісі елімізде әлі толық дамымаған. Сондықтан кейіпкеріміз білімін шындау үшін Францияда орналасқан Грасс парфюмериялық институтында білім алуға мүмкіндігі туып, шетелдік оқу орнында тәжірибесін жетілдіреді. Кейінірек әлемде пандемия басталған уақытта парфюмерия саласымен тұрақты түрде айналысуға білек сыбана кіріскен.

– Парфюмерлік өнімдерімнің ең басты ерекшелігі – Қазақстанда жасалуы. Біз хош иістерді шығарып, олардың құрамымен жұмыс істейміз. Қазір өсімдіктер мен гүлдерден табиғи ингредиенттерді жасап отырмыз. Мәселен, қазірдің өзінде алматылық раушан гүлінің сығындысы бар. Онымен қоса кейбір синтетикалық элементтерді синтездеумен айналысамыз. Парфюмерия – менің арнамым. Осы уақытқа дейін маған түрлі хош иістегі өтір ұнайтын. Мен елімізде қазақша атауларға ие жеке брендтің болғанын қаладым, – деп бастады әңгімесін парфюмер.

**ПАРФЮМ ӘЗІРЛЕУДЕ
ФРАНЦУЗ ФЛАКОНДАРЫН
КОЛДАНАДЫ**

Гүлжан осы уақытқа дейін Қазақстанда парфюмерия ісін дамытуға



Әмір

Бүгінде Алматы қаласы еліміздегі экономикалық маңызы зор аймақтардың бірі екенін ескерсек, тиісінше өндіріспен айналысуды мақсат тұтқан кәсіпкерлер мен жас ғалымдардың көпшілігі оңтүстік шаһарда шоғырланған. Олардың арасында елден жыраққа кетіп, шетелде білімін жетілдіріп келген тәжірибелі мамандар да бар. Солардың бірі «Болашақ» бағдарламасының түлегі, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің қызметкері Гүлжан Түзелбаева. Ол қазір Қазақстандағы парфюм өндірісінде бірнеше өтір өнімдерін жарыққа шығарып, осы салаға кәсіби түрде бет бұрған маман.



талпынған кәсіпкерлердің аз болмағанын, алайда олар көбіне шетелдік маманды тартумен шектелгенін айтады. Парфюмерияның классикалық формулаларымен қоса ұлттық

нақышты қатар қолданатын Гүлжан өнімдерінің халықаралық талапқа сай болуын басты назарға алады.

– Мен тек жоғары сапалы шикізатпен жұмыс істеймін. Әлемдегі өзге парфюмерлер сияқты мен де біршама ингредиенттерді Франциядан аламын. Сондай-ақ өзім де ингредиенттерді әзірлеймін, бірақ бұл процесс әлі де алда деп ойлаймын. Мүмкіндігінше Қазақстаннан қосымша материалдар алып, ұзақ уақыт бойы ізденемін. Қорапшалар мен басқа да құрамдас бөліктерін Алматы қаласында жасаймыз. Ал флакондарға байланысты уақытша

парфюмерия өндірісін жан-жақты дамытып, осы салада алға жылжу қажет. Қолымыздан бәрі келеді, бәрі өзімізге байланысты, – дейді ол.

**«АЛМАТЫ АПОРТЫ»,
ОТ, NAURYZ**

Кейіпкеріміздің алғашқы ктуындысы «Алматы апорты» деп аталады. Алғашында дипломдық жұмыс

затпен байланысы бар екеніне баса мән беретінін айтады. Парфюмер топтамадағы иіс сулардан бөлек, жеке адамға арнап жасалатын парфюмдарға тапсырыс қабылдайды.

– Мен «Алматы апортынан» кейін «Жаңа апорт» деп аталатын жаңа алма хош иіс суын жарыққа шығардым. Көкжайлаудағы қайыңның хош иісі бар – AMIR, сондай-ақ «Алматы раушандарынан» «Минерал раушан» деп аталатын парфюм жасаймын.

Одан өзге топтамада трендте болған AIDA, JIU JITSU (спорттық иіс сулар), ОТ, Makhabbat және тағы басқа заманауи хош иіс сулары, жаңа иіс сулардың қатарында Nauruz және тәтті хош иісі бар SEN&MEN парфюмдері бар. Әзірге топтамада 10 парфюм бар, алайда бұл өндірістің бастамасы ғана. Жеке адамға арнап иіс су әзірлеймін. Әрине, әр адамның талғамына сай өнім дайындау қиынырақ, бірақ қызықты деп ойлаймын, – дейді жас ғалым.

**ҚҰНЫ 30 000 ТЕНГЕДЕН
БАСТАП БАҒАЛАНАДЫ**

Парфюмердің сөзінше, топтамадағы иіс сулардың ішіндегі ең танымал өнім – «Алматы апорты» болса, ерлер арасында – «ОТ» иіс суына сұраныс жоғары көрінеді. Сұхбат барысында кейіпкерімізден иіс судың бағасын сұрап көрдік. Мұнда әрбір парфюм құны оның жасалу процесінің күрделілігіне, құрамына қарай бағаланады.

– Қазір мен бәрін өз қолыммен жасаймын. Иіс суды әзірлеймін, ыдысқа толтырамын және соңында жабамын. Шынында, бұл аз уақыттың ішінде аяқталатын оңай шаруа емес. Сәйкесінше, иіс сулардың құны да қымбат. Парфюм құны 30 000 тенгеден бастап бағаланады. Одан бөлек, мен иіс суларға сай әдемі қорапшаларға, стикерлерге және жарнамалық материалдарға тапсырыс беремін. Әзірге парфюм бағасы әмбебап, бірақ кейбір иіс сулар құрамына байланысты қымбат тұрады, – дейді алматылық парфюмер Г.Түзелбаева.

Гүлжан парфюмерия кәсібін дамытуға арналған жобасын ғылыми тұрғыда қорғауды көздеп отыр. Егер қорғау сәтті аяқталып, жеңіске жетсе жобаға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетінін айтады. Ол болашақта парфюмерия өндірісін отандық шикізатпен қамтамасыз ету үшін Қазақстанда түрлі шөпті өсіруді қолға алмақ. Онымен қоса, жас ғалым алдағы уақытта аймақтарға барып, сол жердің өсімдіктерінен олардың жергілікті ерекшеліктеріне сай парфюм жасап көргісі келеді.

Алматы қаласы

мәселелер туындады. Біз осы кедергілерді алдын алып, шешімін табуға барынша тырысамыз. Меніңше, Қазақстанда парфюмерия ісін дамыту үшін ең бастысы дамуға деген ұмтылыс маңызды. Сонда ғана ойлаған мақсатты өз елімізде жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Жоғарыда айтып өткенімдей, флакондарды Қазақстаннан табу оңай емес. Сондықтан біз қазір парфюм әзірлеуде француз флакондарын қолданамыз. Негізі, Қазақстан парфюмерия өнімдерін импорттайды. Бізге

үшін шығарылған өнім кейіннен көптің көңілінен шығып, нәтижесінде парфюмды сатып алуға ниет танытушылар көбейген. Гүлжан иіс суларды шығару барысында оның неден жасалғанына, кімге арналғанына, сондай-ақ қандай



КАСИЕТТИ МАНҒЫСТАУ ӨНІРІНДЕ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАДА БАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ӨТКЕН ЖЫЛДАР МЕНІ КӨПТЕГЕН АДАММЕН ТАНЫСТЫРЫП, ОЛАРМЕН ТОННЫҢ ІШКІ БАУЫНДАЙ СЫРААС, САПАРЛАС, ПІКІРЛЕС БОЛУ МҮМКІНДІГІН БЕРДІ. АРАСЫНДА КЕШЕГІ ӨТКЕН ЕЛДІҢ ҚИЛЫ ТАРИХЫНА КАЛАМ ТЕРБЕП ЖҮРГЕН ҰШҚЫР ОЙЛЫ ЖАЗУШЫ ЗАМАНДАСТАРЫМ ДА БОЛДЫ. СОЛАРДЫҢ БІРІ – ЖАНАӨЗЕНДІК КАШАУБАЕВА ҮМІТ ЖӘЛЕКЕҚЫЗЫ. ОЛ «ЖАҒАЛАУДА», «ӨМІР ЖЫРЫ», «МАНҒЫСТАУ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ» СЕРИЯСЫМЕН ШЫҚҚАН 50 ТОМДЫҚТА (24-ТОМ) ӨЗ ҚОЛТАҢБАСЫН ОҚЫРМАНҒА АЙҚЫН ТАНЫТА БІЛГЕН ЖАЗУШЫ.



Үміт Жәлекенің бір ерекшелігі кейіпкерлері күнде көріп, өзімен араласып жүрген жерлестері. Шығармасында олардың биік парасаты, елге, жерге деген сүйіспеншілігі, Отанға деген құрметі, кісілік ізгі қасиеті көрініс тауып, жай адам байқай бермейтін ішкі жан дүниесі, дербес мінезі шебер ашылады. Жазушының тілі түсінікті, қазақтың бай сөздік қорын молынан пайдалана біледі.

Мұнайлы өңірде дүниеге келген Үміт туындыларының бір парасы түбектің мұнай тыңын игерген Еңбек ерлерінің өмір жолын, ел тарихындағы ірі оқиғаларды паш етеді. Н.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының «Қазақ мұнайының ардақтылары» өмірбаян сериясымен баспа бетін көрген «Мұнайдан бақыт тапқандар», «Аманжан Өтесінов», «Мұханмеді Жолболдин», «Мұнайдан дария жасаған Халел

ЕЛ мен ЖЕР ТАРИХЫН ТОЛҒАҒАН

Өзбекғалиев», «Өзеннің мақтаулы мұнайшылары», «Өзенмен өзектес өмір», «Ағайынды Базарбаевтар», «Өмірін еңбекпен өрнектеген» кітаптары соның дәлелі.

Әсіресе, мені толқытқан елдің елеулі тұлғасы, қайраткер Сәду Оңғалбаевқа (Сәдірдің прототипі) арналған «Зардап» атты әңгімесі. Кезінде сталиндік қуғын-сүр-

түссе де, дыбыс шығармайды. Тістене-тістене жағы қарысып қалады. Жаны шырқырап, еркіне бағынудан кете бастаған бойын жинауға бар күшін салады. Ақыры ес-түссіз құлаған Сәдірді камераға сүйреп әкеп тастайды. Күп болып іскен балтыры көк талақ. Толарсақ қанталап қалған. Өне бойы от болып өртеніп жатыр, бірақ



гіннің зардабына ұшыраған Маңғыстау халқы босып, көрші Қарақалпақ, Өзбекстан, Түрікменстан елдеріне барып паналағаны тарихтан белгілі. Халқына қызмет жасап, тұрмысын жеңілдетемін деп алғашқы колхоздарды ұйымдастыруға, босқын елді аштық тұзағынан құтқару үшін шаруашылық құруға жедел кіріскен көзі ашық, көкірегі ояу Сәдудің ақ жүріп, адал басқан қайраткер екенін тарихтан білеміз. Жылағанды жұбатқан, тарыққанды демеген Сәдудің жерлестері арқа сүйеді. Бірақ бұл көктем көңіл ұзаққа созылмады. НКВД-ның улы тырнағына өзі де ілікті. Көп ұзамай халыққа адал қызмет жасап жүрген түрікмен, қазақ жігіттері қамалды. Түрмеде қорлықтың, ұрып-соғудың түр-түрін көрді.

«Сегіз айға созылған сергелдең мен адам төзгісіз азап ақыры Сәдір Оразбаевтың да сабырын түгесіп, сағын сындырған. Жуан жұдырық жендеттер тұтқынды неше қайтара соққыға жыққанымен жігерін жасыға алмай дінкеліп еді, соңғы екі тәулік бойы тікесінен тік тұрғызып қинады. Тізесі сәл бүгілсе болды қара таяқ қақ тобықтан сақ ете қалады. Жанды жерді дөп көздегішін қайтерсін. Сәдір көзінің жасы бүрк ете

тәні ауырсынғанымен санасы сау. Әрбір жауаптың әлгідей азаппен аяқталуы, қол қоймай қасарысудың жазасы. Тағатын айып: «Нәзір досыңмен бірігіп, «Түрікмен азаттығы» ұйымын құрыпсың, қазақ-түрікмен жастарын жинап, үкіметті басып алмақ ойын болған», «Алаш-ордашылармен астыртын байланыс жасап тұрғаның» дейтін басы-көзі жоқ жала. Жанын жегідей жейтін де сол...».

Адамның жаны мен тәнін азаптаудың неше түрін білетін ку мүйіз түрме тергеушілері тұтқындағы азаматтарға ойдан шығарылған түрлі жаланы жауып, айла-шарғысын күнде өзгертіп, күні-түнімен азаптаудың алуан түріне машықтанған жендет болатын. Ұлтты – ұлтқа, досты – досқа айдап салып, олардың айтапқан әңгімесін айтты қылып, түрлі өсек аяңды мойнына киіп салатын.

«Кешегі бір-бірінің жолында жан киюға бейіл сырлығы достары сыртынан сатып, жауап қағазына өзін «Халық жауы» деп мойындайтынын растап қол қойыпты. Әсіресе, кашаннан қанды көйлек жолдасы Айташовтың: «Оразбаевты «Астыртын ұйымға тартқан мен едім» деп жалған куәлік беруі жанына қатты батты. Жаратылысында өтірікпен жаны қас Нәзір сүйткесін, басқасына не жорық? «Мен деген жігіт Айташев Нәзірдей-ақ болар» деп дүйім түрікпен мен қазағың сүйінбейтін бе еді, оның мәрттігіне? Сылайы, сенісер достың қалмағаны ғой! Бұл не зауал? Ендігі әрекеттің бәрі бекершілік болып жүрмесін? Әділет іздеп, құр қарсыласа бергеннен не пайда? Әлде, ендігі қалғаны хак бұйрығына көне беру ме?»

Санасы сансыраған Сәдір осы ойға бекіп, ертесіне қағазға қол қоймақ болып отырған кеште камера есігінің кілті шылдырлады. Ішке көрші ауданның бірінші хатшысын кіргізді. Көптен танитын. Жылмандаған, еті тірі Қадыр деген түрікпен жігіт еді. Қаранғы үйдің адамның антын алатын бір бәлесі бар ғой, көзінің оты сөніп, жасып қалыпты. Қадыр малдас құрып қасына жайғасып, өзінен-өзі шешіліп сөйлеп кетті.

– Сәдір аға, мені бүгін түнде, не таңда атады, – деп бастады ол сөзін.

Аңырып қалған Сәдірге:

– Рас айтам. Атылатын адамды осы мен құсатып тобынан бөліп, оңаша немесе жеке кісі жатқан камераға қамайды екен бұлар. НКВД Зверев те атылатын күні менің қасыма түнеп шыққан.



– Зверев деймісің?
– Иә, НКВД бастығы. Сізден кейін, айға жетпей өзі де ұсталған.
– Мү-үммкін емес.
– Әй, Сәдір аға-ай... неге мүмкін болмасын? Ол бір Сталиннің қызын алған күйеуі деймісің?
– Сонда кім қалды өзі?
Қадыр үндемеді...».

Иә, жазушы еңбегіне арқау болған қаратүнек жылдардың өмір шындығы осындай. Халқымыздың талай асыл ұлдары сталиндік жаналғыш машинаның оттығына түсіп өмірімен қоштасты. «Құдай берген жанды Құдай ғана алады» дейтін шындықты белінен басып қанша жан, қанша қайраткер жапа шекті.

Бүгінде әділетті Қазақстан құруды нысана тұтқан қазақ қоғамы бұл мәселеде жаңаша бағыт ұстады. 2020 жылы қараша айының 24-ші жұлдызында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын

толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды. Комиссия құрамы жедел түрде жасақталып, жұмысын бастап кетуін сәтті қадамның бірі деп есептеймін. Өткен ғасырдың басында халқымызды сарсаңға салып, қасірет шектірген саяси қуғын-сүргіннің зобалаңы тарихтың ақтаңдағы ретінде көңілден көшпей, жүректен өшпей келе жатқаны рас. Ендігі ретте егеменді ел болдық, етек-жеңімізді жинадық, әлем алдында танымал мемлекетке айналдық деген тұста саяси қуғын-сүргін құрбандарын жазықсыз жағылған қара күйеден аршып алу – басты парызымыз.

Сталиндік-большевиктік билік халық толқуы мен қарсылығына қатысқандарды саяси репрессияға ұшыратып, «Халық жауы» атандырып, Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күрескендерді «буржуазиялық ұлтшылдар» деп, «пантюркистер» деп, Жапония, Түркия, Германия секілді елдердің жолымен жүргісі келгенді сол елдің «шпионы», «банда құрылымдардың мүшесі», «Отанын сатқан» деп қудалаған.

Солақай саясаттың құрығына ілініп, қаза тапқан аруақтардың

есімін ар соты алдында ақтап алу иманды, сауапты, ізгілікті іс деп білемін. Біріншіден, осындай қилы кезен, «тар жол, тайғақ кешуде» шейіт болғандарды ақтау – аруақ алдындағы азаматтық борышымыз, екіншіден, көзі тірі ұрпақ үшін міндетіміз, үшіншіден, болашақты гуманистік имандылық қадамға бағыттауға кең мүмкіндік берер қадамымыз.

Жазушы Үміт Жәлеке өмірдегі оң өзгерістерді қуанышпен қарсы алатын, қайраты толысқан, тәжірибесі молайған, жылы жүректі қаламгер. Жазушы өмірінің біраз жылы «Маңғыстау» газетінде өтті. Бұл газет 50 жылдан астам Маңғыстау өңірінің экономикасындағы, рухани өміріндегі, тарихындағы оң өзгерістердің хабаршысы, ілгері дамуымызға кедергі болған кейбір кемшіліктерді көре білген басшылым. Осындай істе ұжымның ісін алға бастыруда топ басында келе жатқан жазушы Үміттің де үлесі қомақты. Аталмыш газетпен дәуірлес журналист баспасөзбен бірге есейді, елге танылды, қаламы қуаттанды. Бүгінде дер шағында тұрған қаламгер қарындасымның шыққан биігі құтты, алдағы күндердің берер шығармашылық шабыты мол, өмір жолы ұзақ, шығар тауы биік болуына ағалық тілегімді арнаймын.

Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,
ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері



Қазақстан бокс федерациясы жаңа президенттің келуімен тың бастамаларды қолға алды. Бұған дейін жеңімпаз боксшыларға жоғары сыйақы берумен шектелген ұжым енді үлкен ауыс-түйіс пен өзгерістерге бет бұрған. Соңғы бір аптаның ішінде Шахмұрат Мүтәліп бастаған команда жолдамасыз қалған салмақтарда спаррингтік турнир өткізетінін хабарлап, әйелдер құрамасының бас бапкерін ауыстырды. Сондай-ақ төрешілер алқасының жаңа жетекшісін сайлап, Париж Олимпиадасының жүлдегерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін жариялады. Еліміздегі нөмірі бірінші спорт түріндегі басты жаңалықтарды AIQYN тілшісі сараптап көрді.

Жанкүйерлер ерлер арасындағы бір, әйелдер арасындағы төрт салмақта спаррингтік турнир өткізілетінін қуана қабылдады. Себебі нағыз жеңімпазды шынайы әрі әділетті таңдаудың жолын көпшілік айтып та жүрген. Бұл жаңалықты боксүйер қауымның жақсы қабылдағаны анық. Бірақ мұның да ескеретін тұстары барын ұмытпаған жөн.

Алдымен ерлер арасындағы 63,5 келі салмақ дәрежесіне тоқталайық. Жеті олимпиадалық салмақтың ішіне, әзірге жолдама бұйырмағаны осы. Астанадағы турнирде бұл салмақта алты боксшы өзара мықтыны анықтайды.

Ертуған ЗЕЙНУЛЛИНОВ

Ханчжоудағы жазғы Азия ойындарында Ертуған Зейнуллинов ел намысын қорғап, ширек финалда моңғолиялық Чинзориг Батарсуйхиннен жеңілді. Кейін моңғол боксшысының допинг қабылдағаны туралы ақпарат шықты. Бірақ ресми түрде жарияланған жоқ. Бізге белгілі мәліметтер бойынша, Чинзоригтің В сынамысын ашу туралы шешім қабылданған. Егер моңғол боксшысының тыйым салынған препаратты қабылдағаны рас болса, бұл процесс 6-7 ай уақытқа созылатыны тағы бар. Тіпті, оның кінәсі дәлелденсе де, Зейнуллиновке жолдама емес, жазғы ойындардың қола жүлдесі ғана бұйырады. Жақында журналистерге сұхбат берген Ертуған жаттығу жоспарын дереу өзгертіп, спаррингтік турнирге дайындалып жатқанын жеткізді.

Мұхаммедсабыр БАЗАРБАЙҰЛЫ

Ақпанның соңында Италияда өткен әлемдік іріктеу турниріне соңғы Спартакиада жеңімпазы Мұхаммедсабыр Базарбайұлы қатысты. Жанкүйерлер арасында тап осы боксшы өз бағасын алмай жүргені туралы жиі айтылатын. Бірақ Базарбайұлы да алысқа шаппады. Лицензиялық турнирдің екінші айналымында Еуропа чемпионы Родослав Росеновке жол берді.

Дулат БЕКБАУОВ

Бұл салмақтағы мәселені бапкерлер өзара спарринг өткізуі арқылы шешсе де болар еді. Алайда ойынға Дулат Бекбауов пен бапкері Нұрлан Ақүркеков



СОҢҒЫ ЖОЛДАМАҒА ТАЛАС: Тайландқа кім барады?

араласты. Бұған дейін Олимпиада бағдарламасына енген 67 келіде жұдырықтасқан Бекбауов жазғы ойындардың басталуына төрт ай қалғанда салмақ ауыстырамын деп шешті. Асылында, Дулат былтыр қарашада өткен ел Спартакиадасынан соң 63,5 келіге ауысатынын айтқан. Бірақ Ташкенттегі әлем чемпионатынан соң қомақты қаржыға кенелген боксшы тағы да қалтасын толтыруды ойлаған сынайлы. Халықаралық бокс қауымдастығы (IBA) ұйымдастырған коммерциялық «Чемпиондар түні» турнирінде бірнеше рет жұдырықтасып, күні кешеге дейін жүріп алды. Бұл бәсекеде жеңілген боксшылардың өзі сыйақы алатынын ұмытпаңыз.

Жаңа маусымда да Дулат салмағын түсіруге асыққан жоқ.



Алдымен ерлер арасындағы 63,5 келі салмақ дәрежесіне тоқталайық. Жеті олимпиадалық салмақтың ішіне, әзірге жолдама бұйырмағаны осы. Астанадағы турнирде бұл салмақта алты боксшы өзара мықтыны анықтайды.



Серік ТЕМІРЖАНОВ

57 келіде Токио олимпиадасына қатысып, Сербиядағы әлем чемпионатында күміс алған Серік Теміржанов құрамадағы орнын Махмұд Сабырханға босатып берді. Осылайша, 63,5 келіге ауысқан павлодарлық боксшының әзірге жолы болар емес. Ел Спартакиадасында екі рет есе жіберіп, жақында Бакуде өткен халықаралық турнирдің бірінші кезеңінде ұтылды. Спортшының жеке бапкері Азамат Мақажанов та өз боксшысы лайық болмаса, лицензиялық жарысқа жібермейтінін айтты. Құрамада біраз ысылып, тәжірибе жинаған Теміржанов енді іріктеуге қатысу үшін барын салады.

БҰРЫМДЫ БОКСШЫЛАР

Қыздар арасындағы турнир де қызу тартысқа толы болмақ. Мұнда бірден төрт салмақ бойынша іріктеу турниріне қатысатын бұрымды боксшылар анықталады.

50 келі салмақта Алуа Балқыбекова мен Назым Қызыбай таласқа түседі. Екеуі бір бапкердің шәкірттері. Десе де, олимпиадалық салмақта екеуінің де жолы болар емес. Назым 48 келіде әлемді екі рет бағындырса, Алуа сол салмақта финалға дейін жеткен. Енді 50 келінің мәселесін шешуге тырысады.

Қызыбай жазғы Азия ойындарының бірінші кезеңінде ұтылса, Балқыбекова Италиядағы іріктеу турнирінің ширек финалында жеңілді.

54 келіде жеті боксшы қыз бақ сынайды. Олардың қатарында әлем чемпионы Дина Жоламан, әлем чемпионатының жүлдегері Жайна Шекербекова, жастар арасынан өткен Элина Базарова, Анель Сақыш, Сымбат Әлиаскар, Ұлжан Сәрсенбек және Балауса Мұздыман бар. Спаррингтік турнирге атышулы Ангелина Лукас та шақырту алған. Бірақ ол өз еркімен жарыстан бас тартты.

66 келіде Лаура Есенгелді, Милана Сафронова, Наталья Богданова, Жасмин Қизатова мен Дариға Шәкімова (Рио Олимпиадасының қола жүлдегері) бақ сынайды.

75 келіде Гүлсая Ержан, Валентина Хальзова және Жібек Жарасқызының жекпе-жекін тамашалаймыз.

Айтпақшы, соңғы лицензиялық жарыс алдында федерация тәуекелге барып, әйелдер құрамасының бас бапкерін өзгертті. 2021 жылдан бері бас бапкер қызметін атқарған Шәміл Сафиуллинің орнына Елдос Сайдалин тағайындалды. Сайдалин соңғы жылдары жастар мен жасөспірімдер құрамасын жаттықтырған.

Сондай-ақ федерация париж Олимпиадасында жүлде алатын боксшыларға берілетін сыйақы мөлшері жариялады. Төртжылдық додасында алғашқы алтылыққа енген былғары қолғап шеберлері қошеметтен құр қалмайды.

- 1-орын: 220 000 \$
- 2-орын: 120 000 \$
- 3-орын: 70 000 \$
- 4-орын: 30 000 \$
- 5-орын: 10 000 \$
- 6-орын: 5 000 \$

Ал бас бапкер мен жаттықтырушылар алқасы орын алған боксшы сыйақысының 30 пайызына пара-пар қаржылай сыйақы алады.

Еске сала кетейік, Астанадағы спаррингтік турнир 8-10 сәуірге жоспарланған.

Ақырыс СЕЙТҚАЗЫ

«Айқын-Литер» ЖШС ұжымы мемлекет және қоғам қайраткері

Ғаділбек ШАЛАХМЕТОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді КҮРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ІНДЕКСІ:

Қоспоярндар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғас ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талпырыс №4431
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болшақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,